

Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Д. Даулетова. Бүгінгі Күннің Батырлары	3
А. Нурбергенова. Менің анам – ең тамаша жан	9
С. Жұматаева. Ақ босағаның алтын діңгегі	12
Г. Темірбекова. Бақытты балалық шақ.....	14
Т. Отынчиева. Домбыра дастаны.....	16
М. Аяшова. Өз құқығыңды білгенің – дұрыс өмір сүргенің.....	19
Р. Монтайбаева. Қанатын Жайған Қарағанды.....	22
К. Сахитова. Ұлу жылы ізгі ұраны ұлыстың, ұйытқысы ынтымақ пен ырыстың.....	24
С. Ерденбекова. Кітап – біздің досымыз	26
А. Мырзабеков. Тоғызқұмалақ ойынынан жарыс.....	28
Л. Альжанова. Жарысқа шық.....	31
П. Мұсабекова, М. Номанова. Қош бол, әсем бақшамыз	33
Г. Қуаныш. Әдемі әдебиет әлемі.....	35
А. Таған. Ұлттық өнер – ұрпаққа мұра.....	37
Г. Жакен. Кітап – рухани құндылық.....	39
А. Баймуханова. Ынтымақ пен бірлік күні.....	40

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.


Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
16.05. 2024 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.



АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
әл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – әл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.



Бүгінгі күннің батырлары

Тәрбиелік іс-шараның мақсаты:

Оқушылардың патриоттық сезімдерін дамыту, батырлық бейнесіне жетелеу. Бабалар тағылымы мен нақыл сөздердің тәлім-тәрбиелік мәнін түсіндіру, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, парасаттылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Міндеті:

Әр істің қадірін бағалай білетін, ойы ұшқыр, өресі биік, білімді, саналы, адамгершілігі зор тұлғаларды дәріптеу.

Залдың безендірілуі: кіре беріс — сол жақта интербелсенді такта, есікке карама-қарсы екі парта, келген қонақтар сахнаға карама-қарсы отырады (алдарына үстел қойылады), сахнаның жоғары жағына тақырып жазылады.

Көрнекіліктер: интербелсенді такта, сценарий мазмұнына сай слайдтар, видеолар.

Барысы: әдемі күй ойнап тұрады.

1-жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар, қош келдіңіздер!

Өздеріңізге аян қаламыздың бар мектептерінің арасында бірнеше жылдан бері облыстық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен «Ата-баба дәстүрі — ұрпаққа аманат» атты тағылымы мол тамаша үрдіс қалыптасып, түрлі тақырыптарды қамтып, жылдан жылға ауқымы кеңейіп, жалғасын тауып келе жатыр.

2-жүргізуші: Біздің мектепте те бұндай өнегелі іс-шарадан қалыс қалған емес. Биылғы жылға бізге берілген тақырып — «Бүгінгі күннің батырлары»

1-жүргізуші: Жас ұрпаққа тәрбиелік мәні зор, қала мектептерінің ішінде өткізіліп жатқан бұл іс-шараны бағалап, елеп-екшеу үшін арнайы шақырылған қонақтарымызбен де таныс болыңыздар:

2-жүргізуші: Бауыржан Момышұлының: «Ешкім батыр болып тумайды. Батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады», - деген сөзі бар.

Соғыс уақытында ғана емес, бейбіт күнде де ерлік көрсетіп батыр атануға болады. Еліміздің тұрғындары мен азаматтарын жұмыс бабында жүріп те, жұмыстан тыс уақытта да әр түрлі өмірлік қиындықтардан құтқарып қалған ержүрек жандар аз емес.

1-жүргізуші: Иә, мұндай қызметке адалдық, тазалық пен өз ісіне деген шынайылық нағыз ерліктен туындайды. Ал Абайша айтқанда, «Ерлік жасай білу — жүректегі қайраттан!»

3-жүргізуші:

Жер үстін осы,
Мекені қылған пақырмын,
Топырақ бастым, топырақ болам ақыр күн.

Көгінде рухым көктей ме, оны кім білсін?!

Әзірге жерде қонақ боп жүріп жатырмын...

Шүкірлік етем,
Демеймін бақтан сор қалың.

Себебі менде сапарлай жүрген жолдамын.
Сұрақтан еді сынаққа етім үйренген
Адамнан емес, Алладан ғана қорқамын!

4-жүргізуші: «Батырлар тек соғыста ғана танылады» деген бекер... Батырлық — тек атойлап атқа мініп, жауға шабу емес. Бейбіт заманда да ерліктің білектен емес, жүректе екенін өмірде орын алған оқыс оқиғаларда қара басын қатерге тігіп, адамды ажал аузынан арашалап қалған қаһармандар дәлелдеп жүр. Бейбіт заманда да небір ерлік жасалады. Өмір мен өлім қатар келген қас-қағым сәтте әрбір адамның бойында болатын қорқынышты жеңіп, жанкешті әрекеттерге барған талай ержүрек азамат бар қазақта. Олардың ерлігі — елге мұра, ұрпаққа — үлгі...

1-бала:

Дәрігер — өмір тірегі.
Дем берген дауа жүрегі,
Науқастың сенер тірегі.
Сыйлаған саулық әр үйге,
Өрлесін бақыт — терегі

2-бала:

Жанашыры баршаның,
Көңілге тыныш дем берген.
Күлім көз көзің бір күлсе,
Сырқатты жаның емделген.

3-бала:

Ақ халатты абзал жан,
Ардақ тұтар өзінді.
Ем іздеген жандардан,
Сұрар нағыз төзімді.

4-бала:

Емге шипа, дәру боп,
Тілек тілер жазыл деп.
Тек өзіңе зәру көп,
Емің болсын қабыл тек

5-бала:

Сап құрған сыйлы қатардан.
Сиремесін қатарың,
Көп болсын дәмің, татарың.
Жол тартсаң жақсы ниетке,
Ақжолтай болсын сапарың..

1-жүргізуші: Еліміздегі 2020 жылдың көктемінен 2021 жылғы пандемияда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев медицина қызметкерлерінің қайсар мінезі мен қалтқысыз қызметін ерекше атап: «Бүгінде бүкіл еліміз дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің қайсарлығына тәнті болуда. Олар — адам өміріне араша түсіп жатқан бүгінгі күннің батырлары», - деген еді.

2-жүргізуші: Шынында да, күн сайын мыңдаған адамдардың өмірін сақтап қалып, жаңа өмір сыйлап, кеше ғана халі мүшкіл боп жатқан жанның күлімсірегенін көру, оның жақын жандарының көздеріне үміт сыйлап, қуанта білу-неткен бақыт!..

3-жүргізуші: Біз неге ақ халатты абзал жанның бірін бүгінгі кешімізге қонақ етіп шақырмадық?

4-жүргізуші: Біз оны сенен бұрын ойлап қойғанбыз, өмір мен өлім арасында арашашы болып, күніге 10 шақты адамға операция жасайтын жандарға өтініш еткенімізде: «Кешіріңіздер, ниеттеріңізге рақмет, біздің олай-бұлай жүруімізге уақытымыз жоқ, ауыр науқас келсе не істейміз, қаламызда білікті мамандар тапшы» деп, өкінішін білдірді.

1-жүргізуші: Өкінішті.... Олай болса, ақ халатты абзал жандардың құрметіне ән арнамадық па?!

Ән (Әннің соңғы жағына келгенде, балалар ойнап тұрады. Өздері у-шу. Әжесі шығып:)

- Әй, балапандар, кеш батып қалды. Үйлеріңе барып, сабақтарыңды оқындар, жүр балам, сен де сабағыңды оқы. Қазір әке-шешен келеді жұмыстан, мен де тіршілік қамына кірісейін, мынамен отырып қалыппын ғой (немересі кішкентай партасына сабақ оқуға отырады, әжесі стол үстіне шайын жасап, бірдеңе істеп жүреді)

- Әликош, мына теледидарды қосып қойшы, не болып жатыр екен? (Видео қосылады. Өрт сөндіріп жатыр, біраз қарап отырады да)

- Е, Аллаһ сақтай гөр, жер-көктің бәрі алапат болды ғой, тілсіз жаудан сақтай гөр, Алла! Отпен арпалысып, жалынмен жағаласып жүрген бұлар да батыр ғой, мың жасағырлар

- Расымен, олар да батыр, апа, иә. Өздеріне анау от тисе, өртеніп кетеді ғой...

4-жүргізуші: Нағыз өрт сөндіруші шаршаудың не екенін білмейді, «мүмкін емес» деген сөзді білмейді. Кез келген уақытта, кез-келген ауа-райында, ыстықта және қатты аязда, кез-келген жағдайда көңіл-күйіне карамастан ол отқа да, суға да тәуекел етуге дайын. Көбінесе өрт сөндірушілер қайғылы оқиға орнына бірінші болып жетіп, адамдарға барынша көмектесуге тырысады.

1-жүргізуші: Төтенше жағдай — айтып келмейтін және болмай тұрмайтын апат. Қиын-қыстау кезде жапа шеккенге алдымен келіп, көмек қолын созар — төтенше жағдай қызметкерлері ғана емес, кез келген жүректі азаматтардың ісі.

2-жүргізуші: Осы тақырыпқа байланысты сендер қызығарлықтай бір ақпарат айтайын ба?

3-жүргізуші: Иә, айт, қандай?

4-жүргізуші: Өткенде әлеуметтік желіде шулап жатты ғой, **бәленбай** көшеде өрт боп жатқанда, қалааралық автобус жүргізушісі тоқтай қалып, сол үйдің есік-терезесін қа-

ғып, ішіндегі адамдарды аман-есен сыртқа шығарып алады ғой, сол ағай біздің мектепте оқыған екен.

1-жүргізуші: Қойшы, ол кісінің аты-жөні кім?

2-жүргізуші: Қуатқалиев Елнұр.

3-жүргізуші: Аа, мен де осындай бір ақпарат білем. 10-сыныпта оқитын Бейбарыс пен 8-сыныптағы інісі Бексұлтан ше?

4-жүргізуші: Иә, танимыз, оларға не болыпты?

1-жүргізуші: Естімедің ба, не? Олар кішкентай кезінде мына Қараталға ағып кеткенде көпірден секіріп құтқарып қалған оқушы да осы мектепті бітірген екен.

2-жүргізуші: Кім деген?

3-жүргізуші: Оны өзінен сұрайық, осы залда отыр.

4-жүргізуші: Олай болса, қарсы алыңыздар, төтенше жағдайлар мекемесінің қызметкері және облыстық төтенше жағдайлар мекемесінің алғыс хаты мен халықтың ықыласына бөленген, бүгінгі күннің батырлары Мамырбеков Мадьяр мен Қуатқали Елнұр.

1-жүргізуші: Қош келдіңіздер! Төрлетіңіздер! *(Арнайы дайындалған журнал столы мен диван-креслоға жайғасады)*

Сұхбат. Мұғалім жүргізеді *(соңында Бейбарыс пен Бексұлтан шығып, алғыстарын айтып, сыйлықтарын береді)*

- Құрметті ... мырза, өзіңіз таңдаған мамандықтың қиындығы мен қызығы неде?

1-оқушы:

Олар елді құтқарар,
Оттан, судан басқадан.
Құтқарушы жандар бұл,
Жаны таза, жақсы адам.

2-оқушы:

Адалдықты жақтайтын,
Жандар осы мейрімді.
Жүректері кең дер ем,
Аппақ қардай пейілді.

3-оқушы:

Жасап жатқан қызметі,
Қауіп берер өмірге.
Құтқарушы бұл жандар,
Қуат берер көңілге.

4-жүргізуші: Құрметті, құтқарушы жандар, келесі орындар ән сіздердің құрметтеріңізге арналады.

(Қолында сөмкесі бар ұстаз келеді)

- Амансыз ба, апай?

- Е, жарқыным, Ұлармысың, кел, кел, өздерің қалайсыңдар? Жұмыстан келемісің?

- Иә, апай, бүгін жұмыстан ертерек шығып едім, сізді көріп, бұрылдым, саулығыңызды білейін деп.

- Рақмет, рақмет, жүр, мен де шай іше алмай отыр едім, жалғыз өзім, балалар да өзің сияқты ерте кетіп, кеш келеді

- Қайта, сіздерге рақмет, немереге баскөз боп, үйді-үй, жайды-жай қылып отырсыз, қарты бар үйдің, қазынасы бар дегендей.

Немересі: Апа, менің мына сабағыма көмектесші.

Әже: Е-ей, ботам, жарқыным, менде қайбір білім бар дейсің? Мен сенің ол кітабыңды ұқпаймын ғой, менен ол кітапты емес, өмір кітабын сұра, жаным, өмір кітабын. Бірақ мендегі білім кімге керек қазір... Білім мен ғылым аптығып, дәуірлеп кетті ғой. Соның бәрі батыр ұстаздардың, ғалымдардың арқасы ғой.

Немересі: Апа, сонда біздің апай да батырма?

Ұлар: «Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен — тарихтағы ең ұлы істің бірі», - деген екен Константин Ушинский.

Әже: Әрине, жаным, әрине. Әліпті таяқ деп түсінбеген, біреудің еркесі, біреудің серкесі, біреудің жалғызы, біреудің жампозы, ұстаздың алдында теңдей болып, көздері мөлдіреп біреу ғана емес, жиырмадан кем емес жас бүлдіршіндерге қалам ұстатып, әріп үйрету — оңай іс па?! Ойы он саққа, санасы сан саққа кетіп, өзінің бойындағы білімді солардың санасына сіңіріп, білім мен өнегені егіз ұстап, ел тұтқасын ұстар азамат тәрбиелеп шығару — батырлық емей не болсын, жаным.

2-жүргізуші: Шынымен де, алысқа бармай-ақ бағанадан бері біз сөз етіп, құрмет тұтып жатқан бұл батыр азаматтарымыз

біздің ұстаздарымыздың алдынан шыққан. Мақтанамыз.

3-жүргізуші: Адам баласының жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі — Ұстаз. Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. «Ұстаз болу — өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай әр шәкірттің болашағы үшін алаңдайтын ұстаздарымыздың еңбегі еш кетпейді деп сөз береміз батыр — ұстаздар.

Төртеуі бірге: Сіздерге мың алғыс!

(Хордың оқушылары шығып, бас иіп, тағзым етеді)

Хор. Ұстазым менің, ұстазым!

Әже: *(дастархан басында отырып, телевизор қарап, екі ана шай ішіп отыр. Теледидарда полиция туралы ақпарат берілуде)*

- Ей, Аллам, елге амандық, денге саулық бере гөр, бұл пақырлар да анадан туғандар ғой, азғындық жолға түсулеріне не себеп болады екен?! Адам азды ма, заман азды ма? *(Осы уақытта полицияның сигналы ойнайды)*

Немере: *(әжесіне жүгіріп келеді)*

- Апа, көп полициялар келді. *(Полиция киімімен 2-3 оқушы кіреді)*

- Аманыз ба, апа? Осы маңнан бөтен, бейсауат жүрген адамдарды байқамадыңыздар ма?

- Жоқ, жаным, жайшылық па?

- Таңға жуық кезекшілікте отырған полицияны өлтіріп, қаруын алып, абақтыдан 2 қылмыскер қашып кетті. Көрген жандар осы ауылға кіргендерін айтады.

- Е, Аллам, сақтай гөр!

- Иә, апа, балаларға абай болыңыздар, өздеріңіз де сақ жүріңіздер.

- Иә, иә, балам, ескерткендеріне рақмет, қарулары болса, өздерің де абайлаңдар, таң атқаннан жүрсеңдер, шай тамақ ішіп, жүректеріңді жалғап алыңдаршы, «ас — адамның арқауы» ғой.

- Жоқ, апа, рақмет, шай ішіп отыратын уақыт жоқ, сақ болыңыздар!

- Иә, жаным, бәрі оңынан болсын, өздерің де аман болыңдар! *(Полиция инспекторлары шығып кетеді)*

- Алла дендеріне саулық берсін, бүгінгі күннің батырлары осы ғой! *(Немересі апасына қарап қалады)*

1-жүргізуші: Біреудің өмірі үшін өз өмірін қию — ерлік дейміз, ол адамның өзі парыз деп есептеген. Парызды орындауға жүрек керек, пайым керек. «Саған қатысы не, мүмкін қажеті жоқ?» деген жымысқы ой кімде жатпайды? Тумысы бөлек адам ғана жанын арының садағасы ете алады.

2-жүргізуші: Жалпы еліміз егемендік алғалы бері 787 полицей қызметтік борышын өтеу кезінде көз жұмған екен. 83 қызметкер қауіпті қылмыскерлердің қолынан қапияда қаза тапса, 2 443 полицей қызметтік борышын өтеу кезінде жараланыпты. Олардың ішінде ауыр жарақат алғандары да бар.

2-жүргізуші: Иә, сенің бұл ресми ақпаратта полицейлер туралы ғана айтып тұрсың ғой, бұған шекара қызметкерлерін қоссақ не болады?

3-жүргізуші: ҚР Мемлекеттік шекарасы — Қазақстан территориясындағы құрлықтың, судың, жер қойнауының және әуе кеңістігінің шегін анықтайтын түзу сызық, сол сызық арқылы өтетін жазықтық екені белгілі.

1-жүргізуші: Қазақстан аумағы 2724,9 мың км² -ге тең. Біздің еліміз Франциядан 5 есе, Италиядан 9 есе, Англиядан 11 есе үлкен. Қазақстан Еуразия материгінің орталығында орналасқан, екі дүние бөлігін камтиды емес па? Кіші батыс аймағы Еуропада, ал көлемді шығыс аймағы Азияда жатыр ғой.

2-жүргізуші: міне, ендеше, сол аралықты бүгінгі күні ҚР периметрі бойынша ҚР Үкіметінің қаулыларымен авиациялық, теңіз, өзен, теміржол, автомобиль өткізу пунктері тәрізді 101 өткізу пункті бар екен. *(Осы кезде телефон шырылы)*

- Алло, бұл шығыс заставасынан. Көмек керек. *(Аудиомен шығады. Жерде шекарашылар киімімен 3 бала еңбектеп жатыр.*

Қолдарында дүрбі. Анадай жерде екі адам от жағып отырады)

1-оқушы: Түтін, жолдас лейтенант, - деп сыбырайды.

2-оқушы-командир: Қайда? Көрмей тұрмын.

3-оқушы: Иә, эне, анау шыршаның артында.

2-оқушы-командир: Жоқ, көріп тұрған жоқпын. Сендерге елестеген болар?

1-оқушы: Қалай көрмейсіз, жолдас лейтенант?

2-оқушы-командир: Иә, иә, енді көрдім. Архат, сен осында қаласың, ал біз әрі қарай кеттік (бір бала жатады, екі бала еңбектеп келе жатыр, біреуінің қолында автомат, командирде тапанша) - Мүмкін орманшылар болар.

1-оқушы: Олар шекарада не істейді? Түн суық, аттар да көрінбейді. Жоқ, мүмкін емес.

2-оқушы-командир: Бақылауды жалғастырамыз (дүрбі салады) қастарына ойланбастан жетіп баруға болмайды, мүмкін онда адамдар көп болар, ал біз екеуіміз ғана.

1-оқушы: Командир, сонда да жақынырақ барайық, сөздерін естийік (осы уақытта бір нәрсе тарс ете қалады, екеуі ұшып тұрып, қастарына жетіп барады)

2-оқушы-командир: Қолдарыңды көтеріңдер! Жерге жатыңдар! (Аналар қолдарын көтеріп, жерге жата қалады, сол уақытта арт жақтан бір оқушы шыға келіп, шекарашының біреуін атады, қолына тиеді, қасындағысы оның аяғынан атады. Осы уақытта үшіншісі мылтығын ауаға атып жүгіріп келеді)

1-қылмыскер: Ағатай, ағатай, өзіміз, өзіміз ғой, біз қазақпыз.

2-оқушы-командир: Қазақ болсаң, ату керек пе? Байландар қолын!

1-оқушы: Ал, енді айтыңдаршы, қандай қазақсыңдар?

2-қылмыскер: Біз көрші мемлекеттен өтіп келе жатыр едік...

1-оқушы: Енді? Неге өткізу пунктiнен өтпейсіңдер? (Үнсіздік. Алдарына салып есіктен шығып кетеді)

2-оқушы-командир: Көмек шақыр (телефон шырпылы)

- Алло, бұл шығыс заставасынан. Көмек керек. жаралы солдат бар. (Аудио)

1-жүргізуші: Суыт соғылған әр қоңыраудың артында адам тағдыры тұр.

2-жүргізуші: Иә, бұл шағын ғана көріністе өзге елден заңсыз жолмен бері өтпек болған қандастарымыздың адал ниеттері арамдыққа ұласып, қылмыскер болып, атамекенін аттады.

3-жүргізуші: Иә, ол адамның ниеті ақ болсын, қара болсын, мемлекет шекарасынан заңсыз өтіп ел тыныштығын алуға, ел шетін күзетіп тұрған жауынгерге қауіп төндіруге ешкімнің қақысы жоқ емес па?

4-жүргізуші: Бұл бір ғана оқиға ма? Әрдайым кеуделерін оққа тосуға дайын тұратын шекарашылардың да әр істері батырлыққа саналмай ма?!

1-жүргізуші:

Қауіптен сақтандырып ел-ананы, Күзетіп сен келесің шекараны. Өзіндей қырағы ерлер тұрған шақта Еркіндеп табиғат та дем алады.

2-жүргізуші:

Көтеріп жүргеннен соң заман жүгін, Көңілде болған шығар алаң күнің. Дүбірі басылмаған жер шарының Тілейсің бүтіндігін, Амандығын.

Немересі: Әже, ау, әже!

Әже: Ау, жаным?

Немере: Сіз бағанадан бері, полиция да батыр, дәрігер де батыр, ұстаз да батыр, шекарашы да батыр деп жатырсыз, сонда халықтың бәрі батыр ма?

Әже: Әрине, қалқам, әрине. Балам деген ел болмаса, елім деген ер қайдан болсын! Батырлықтың арнайы оқуы жоқ. Өз қызметінде жай ғана жүріп те батыр болады, тосыннан кездескен оқиғаға да арашашы болып та батыр бола алады. Ешкім батыр боламын деп ойламайды. Батырлық — білекте емес, жүректе ғой, жаным.

Немере: Апа, білесіз бе, сіздің осы сөзіңізді өткенде бапкер ағай да айтты. «Батырлық — білекте емес, жүректе» деді. Сонда,

спортшылар да батыр болады ма?

Әже: Әрине, ботам. Адам баласы алдына мақсат қойып, бір істі бастағанда оның ең биік шыңына шығу үшін еңбектену керек. Егер сен спортшы болсаң, ол өз мектебінің ғана емес, қаланың ғана емес, облыстың да емес, мемлекетіміздің, халқымыздың туын көкке желбіретіп, әлемге танытуың керек!

Немере: Апа, ондай спортшылар жоқ шығар...

Әже: Неге? Жоқ емес..

2-жүргізуші: Иә, жоқ емес, бар. Тіпті ол жандар жанымызда жүр, ортамызда отыр.

3-жүргізуші: Олай болса, қарсы алыңыздар, төбелес спортынан әлемнің екі дүркін чемпионы, қазақстанның бірнеше дүркін чемпиондары, мектебіміздің түлектері, егіз ұлдар Самат пен Санат ағайлар.

4-жүргізуші: Құрметті Самат, Санат! Сіздер біз үшін батырсыздар. Себебі, еліміздің туын өзге елдің көгінде желбіретіп, намысты қолдан бермей, халқымыздың үмітін ақтап, мемлекетіміздің мәртебесін көтеріп, әлемнің спорт тақтасына есімдеріңізді алтын әріппен әдіптеген жансыздар.

1-жүргізуші: Әлем кубогын жеңіп алу үшін соңғы финалдық жекпе-жекке шыққанда, қандай ойда болдыңыздар?

2-жүргізуші: Ракмет. Қайда болсаңыздар да аман жүріп, олимпиада шыңына шығып, еліміздің даңқын аспандатып, абыройларыңыз арта берсін дейміз.

(Гимнаст 5 Ә сынып оқушысы Несіпхан Азиза)

2-жүргізуші: Тілші де батыр бола алады. Егер ештеңеге қарамастан, шындықты шырқыратып жаза алса... Ешкім батылы барып айта алмағанды ашып жазғанынан қоғамды өзгертуге, жоғары жаққа қозғау салуға мүмкіндігі болып тұрғанда, отбасын ойламай, жұмыстан шығарып жібереді, соттап жібереді, өлтіріп кетеді деп жеке жағдайын ойламай, әлемді өзгерту үшін басын қатерге тіге алса, оның батыр болғаны.

3-жүргізуші: Қазақта «батыр ана» деген ұғым бар. Бір адамның ішінен бір адам шығуы, өмірге нәресте әкелу оңай іс емес. Оны

273 күн бойы құрсағында көтеріп, күтімін жасау да қиын. Ал қатарынан 7-8 баланы осылай жарық дүниеге әкеліп, қатарынан қалдырмай өсіру кез келген ананың қолынан келмейді, сондықтан 7 баладан артық тапқан анаға ғана осы мәртебе беріледі.

4-жүргізуші: **Батырлық** — адамгершіліктен, жауапкершіліктен туады. Сіздің ғана қолыңыздан келетінін көріп тұрып, тартынып қалмай, мойынға алған істі абыроймен алып шықсаңыз батырсыз. Қолына найза алып, садақ ұстағанның бәрі батыр емес, дара ерлік көрсеткен — батыр.

1-жүргізуші: міне, бүгінгі күннің батырлары. Қазақ халқы намысты, жүректі, қайсар, батырлық қанында ойнаған халық. *Қазақ — қазақ болғалы көп ғасыр өтті. Оның барлық ерлік-батырлық салты бүгін ғана пайда болған емес. Ол ертеден келе жатыр. Кешегі батыр бабаларымыз батырлықтың үлгілерін көрсетті ғой. Ал бейбіт күндегі батырларымыз сол батыр бабаларының дәстүрін ілгері дамытуда», - деген екен Мәлік Ғабдуллин.*

2-жүргізуші: Қорыта келгенде, тар құрсағын кеңітіп, өмірге ұрпақ әкелген әрбір ана да батыр, ауруға араша болған ақ халатты абзал жандар да батыр, алғаш қолыңа қалам ұстатып, адами қасиеттерді бойыңа жиған ұстаз да батыр, өз жанын шүберекке түйіп, ел тыныштығын күзеткен полиция мен шекарашылар да батыр, тілсіз жаудан қорғаған өрт сөндірушілер де батыр, тосыннан келген апатқа қарсы тұрған қарапайым жандар да батыр. *(Аты аталғандардың бәрі шығады)*

Ән шашу «Жақсы адамдарым»

4-жүргізуші: Осымен бүгінгі тәрбие сағатымыздың соңына да келіп жеттік.

1-жүргізуші: Қорытынды сөз кезегін мектебіздің директорына ұсынамыз.

Диана Қабылбекқызы
ДАУЛЕТОВА,

І. Жансүгіров атындағы
университеттің 4-курс студенті.
Талдықорған қаласы,
Жетісу облысы.

Менің анам – ең тамаша жан



Айгуль
Муханбединовна
НУРБЕРГЕНОВА,
«Ақтөбе облыстық
туберкулез санаториясы
мектеп-интернаты»
КММ-нің өзін-өзі тану
пәні мұғалімі.
Ақтөбе қаласы,
Ақтөбе облысы.

Мақсаты: оқушылардың 8 наурыз мерекесі жөніндегі білімдерін кеңейту; тіршілікті жалғастырушы аналардың өмірі, олардың қасиеті, құдіреттілігі неде екенін оқушыларға түсіндіру; балаларды барлық аналарға деген сүйіспеншілікке баулу; ата-ана мен баланың арасындағы сыйластықты күшейту; ата-ананы қадірлей білу, сүю сезімдерін нығайту; оқушылардың ақыл-ой, білімге көзқарастарын дамыту, есте сақтау, сөйлеу, ойлау, зеректік, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Сабақтың көрнекілігі: Сыныпты мерекеге сай безендіру. Даналық сөздер, слайдтар, гүлдер, суреттер, оқушылар шығармашылығы.

Тәрбие сағатының түрі: танымдық сайыс сабақ.

Тәрбие сағатына ата-аналар шақырылып, қатыстырылады.

Тәрбие сағатының жоспары:

I. Ой қозғау. «Өмір гүлі – анаға ұлылық тән» тақырыптық презентация;

II. «Танымдық сайыс. «Менің анам – ең тамаша жан». Әр бала өз анасымен бірге топ құрып, сайысқа қатысады;

III. Тілектер шоғы. Мерекелік құттықтаулар.

IV. Қорытынды. Марапаттаулар.

Тәрбие сағатының өту барысы:

Тәрбиеші: Құрметті оқушылар, ата-аналар, ұстаздар! Көктемнің әдемі де шуақты

мерекесі қарсаңында біздің 6-сыныпта өткелі отырған «Менің анам – ең тамаша жан» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер! Біздің бүгінгі тәрбие сағатымызға көптеген қонақтар келіп отыр. Олардың ішінде ата-аналар да келіп отыр. Баршаңызға да «қош келдіңіздер» дейміз!

I. Ой қозғау. «Өмір гүлі – анаға ұлылық тән» тақырыптық презентация. (2 оқушы оқып, таныстырып тұрады)

II. Танымдық сайыс. Тәрбиеші: Сайыс барысында ана мен бала бір-біріне көмекші болып, өздеріне ұпай жинайды. Алдымен бізге қонақтардың арасынан әділ қазылар керек. (Әділ қазылар сайланады)

I тапсырма: Таныстыру. «Менің анам – ең тамаша жан...»

Шарты: әр бала өз анасын алып шығып, «Менің анам – ең тамаша жан...» деген сөздермен бастап, барынша әдемі таныстырып шығуы тиіс.

II тапсырма: Бауыр еті балаңызды қаншалықты білесіз? Аналарға арналған сұрақ-жауап. Жазбаша жауап алынады. Балалары өз анасының жазған жауабын оқып, дұрыстығын айтады.

1. Балаңыздың туған күні.
2. Балаңыз бірінші сыныпқа қашан барды?
3. Осы мектеп-интернатта нешінші сыныптан бері оқиды?
4. Қандай пәндерді «5»-ке немесе «4» пен «5»-ке үлгерді?
5. Балаңыздың қандай үй шаруасына бейімі немесе ынтасы бар.
6. Балаңыздың сүйікті тағамы қандай?
7. Балаңыздың ең жақын досы кім?
8. Балаңыздың қызығушылығы бар ма? (Хоббиі)
9. Балаңыздың арманы қандай?
10. Балаңызды еркелеткенде қандай сөз айтасыз?

III тапсырма: «Анашыммен бірге ...»

Ойынның шарты: Балалар аналарымен бірге шығып, шарды жарып алып, берілген мақал-мәтелдің жалғасын тез тауып айтулары тиіс.

1. **Аға әдепті болса, іні** әдепті,
(Апа әдепті болса, сіңлі әдепті)
2. (Әке тұрып, ұлы сөйлегеннен без)
Шеше тұрып, қызы сөйлегеннен без.
3. Жақсы қыз — жағадағы құндыз,
(Жақсы ұл — аспандағы жұлдыз)
4. Кісі болар баланың кісіменен ісі бар,
(Кісі болмас баланың кісіменен несі бар?)
5. Атың жаман болса, қарың кетер,
(Балаң жаман болса, арың кетер)

IV тапсырма: Тығырықтан шығып көр! Жағдаяттар шешу.

1. Балаңыз ауырып қалыпты. Тәрбиешісі жағдайын хабарлап айтты. Ал, сіз жұмыс жөнінде басшыңызға кіруге алдын-ала жазылып қойдыңыз. Сіздің іс-әрекетіңіз? (Келіп, көріп кетесіз ба, әлде (тәрбиешіге тапсырасыз ба?)

2. Сіз интернатта оқитын балаңызға келдіңіз. Қайтарда балаңыз үйді сағындым, қайтамын дейді. Сіздің де көңіліңіз бұзылып, балаңызды қимай, сондай бір күйде тұрсыз. Бұл жерде не істейсіз?

3. Балаңыз сіз келген сайын қағаз, құрал аламын деп ақша алып қалады. Бірақ ол өтірік екен. Ол ақшаға ол тәтті, сағыз, т.б. алады екен. Оны сізге балаңыздың сыныптасы айтып қояды. Сіз ашуланасыз ба, әлде...

V тапсырма: «Қызықты сұрақтар» сайысы.

1. Қар жана ма? (Қалауын тапса қар жанар);
2. Инемен құдық қазуға бола ма? (Оқу инемен құдық қазғандай);
3. Аппақ қарға бола ма? (Қарға да баласын аппағым дейді);
4. Қой мен қасқыр ойлана ма? (Қойдың ойлағаны — амандық, қасқырдың ойлағаны — арамдық);
5. Адамның қай мүшесі батыр, қай мүшесі қорқақ? (Көз қорқақ, қол батыр).

VI тапсырма: Тапқыр болсаң тауып көр!

1. **Иісіңнен айналдым.** Бұл сайыста аналардың көзін бүркейміз. Балалар бір түзу бойында тұрады. Аналары кезекпен жақындап келіп, өз баласын иіскеп табады. Егер тапса, «Иісіңнен айналдым» деп белгі береді. Ойын барлығы тауып болғанша жалғасады. (*Тәрбиеші талдау жасайды*)

2. **Анашымның аялы алақаны.** Бұл сайыста балалардың көзін бүркейміз. Әр бала отырған аналардың арасынан қолын, алақанын сипап, өз анасын тауып алу керек. Тапқан кезде «Мен сені жақсы көремін» деп айтулары тиіс. Ойын барлығы тауып болғанша жалғасады. (*Тәрбиеші талдау жасайды*)

VII тапсырма: «Көкпар» ойыны. Тақтада слайдпен беріледі.

Тәрбиеші: Әдет-ғұрып, салт-дәстүрі қазактың,

Жарасымды үйлесімді ғажап шын.

Ұмыт болған дәстүрлерді сақтайық,

Насихаттап, жаңартудан қашпайық.

1-сұрақ: Суретте қандай салт-дәстүрлер бейнеленген?

Жауабы: Қыз ұзату, бесікке салу, тұсау кесу.

2-сұрақ: Ерулік дегеніміз не?

Жауабы: Ауыл ортасына жаңа үй көшіп келсе, қоныстанса, сол ауылдың адамдары жаңа үйге ерулік деп ас пісіріп табақ тартады. Бұл — жаңа адамдарды бөтенсітпей өз ортасына тартудың, сыйласудың үлкен белгісі.

3-сұрақ: Сүйінші дегеніміз не?

Жауабы: Қуанышты хабар жеткізген адамға берілетін заттай, ақшалай сыйлық.

VIII тапсырма: Ойын. «Анашым, саған сенемін ...» Бұл ойында «Сүйіспеншілік» сөзіндегі әріптерден мейлінше көп сөз құрап шығу тапсырылады. Аналарының қанша сөз құрайтынын балалар алдын-ала анықтап беруі тиіс. Мысалы: Менің анам ең алғыр жан. Ол 10 сөз құрайды. Анашым, саған сенемін! Т.с.с.

III. Мерекелік құттықтаулар.

Әлпештеген баласын,
Ана — бақыт, ана — күн.
Әркім сүйіп өзінің,

Мақтан етер анасын, - дегендей, ана-
ны жырлаймын деп ақын тебіренеді. Ана
бейнесін мүсіндеймін деп суретші ой-
ланады. Біздің оқушылар да құр алақан
емес. Оқушылар өз аналарына арнап жыр
шумақтарын, әндерін арнайды, дайын-
даған сыйлықтарын тарту етеді.

1-оқушы: Ана десем алғыс алам хал-
қымнан,

Ана десем теңіз болам шалқыған.
Ана десем ашылады қабағым,
Ана десем әділдікті ұғамын.
Біз ғана емес қадір тұтқан бабалар.
Аналардан туған небір даналар,
Ана деген — тіршіліктің тірегі.
Армысыздар, қасиетті аналар!

2-оқушы: Ана дейміз бәріміз де аңқыл-
дап,

Ана дейді жас сәби де жарқылдап.
Ана деген — бәйтерегі өмірдің,
Ана деген — алтын қазық, алтын бақ.
Ана деген — асыл жандар болаттай,
Ана деген — мөлдір жандар бұлақтай.
О, адамдар, қадірлей біл ананы,
Жат қылыққа ақыл-ойды тоқтатпай!

3-оқушы: Ана десем, сезім билер тым ыс-
тық,

Жарасымды адамдарға туыстық.
Бар адамға берсе ананың мейірін,
Орнар еді бар әлемге тыныштық.
Ана десем шешек атып жанары,
Өмірімнің бастау алар жаңа әні.
Ана десем, тіршілікте пана боп,
Әрбір үйде жұлдыз болып жанады!

4-оқушы: Анасыз бір жоқ күнің,
Әжесіз бір жоқ күнің.
Ұсынамыз бүгін біз,
Сөздің сұлу шоқ гүлін.
«Сенің анаң алтын» әні орындалады.



5-оқушы: Мұрат, мүдде, мақсатың,
Жаксы күн мен жаксы түн.
Нағыз бақыт — ананың,
Ақтау дер ем ақ сүтін.

6-оқушы: Бар ананы туған елдің гүлі дер
ем,

Анажан, қайғың болса, күңіренем.
Таусылмас тау суындай ақылың бар,
Сен барда менің әрбір күнім — өлең.

7-оқушы: Шуақ төгіп күлімдейтін қарасам,
Анашымды күнге ғана баласам.
Жер бетінде ең жақыным — өзіңсің,
Мәпелейсің, аялайсын әрқашан.
Қиялымды қалықтатып қыр асам.
Көкте ұшқан құспенен де таласам.
Арманым бар бір өзіне арналған,
Үлкейгенде қажетіңе жарасам.

8-оқушы:

Өмірге ана — бұлақ, ана — пана,
Өмірді өркендетер ана ғана.
Өсірген талай шешен, талай көсем,
Талай ер, талай ақын, талай дана!
Ол — дүниеде ең ардақты адам,
Кіші де, үлкен де оны ардақтаған.
Өзінің аяулысы Отанына
«Ана» деп біздің халық текке айтпаған.
«Ақ мамам» әні орындалады.

IV. Қорытынды.

Ақ босағаның алтын діңгегі



**Самал
Ахметсановна
ЖҰМАТАЕВА,
«Қарасу орта мектебі»
КММ-нің музыка пәні
мұғалімі.
Кіші Қарасу ауылы,
Жарма ауданы,
Абай облысы.**

Мақсаты: ұстаз-аналар мен оқушылардың аналарын қатыстыра отырып, құрмет көрсету; анаға құрмет, сыйластықты ән мен жыр арқылы насихаттау, аналардың өлшеусіз еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: қанатты сөздер, шарлар, гүлдер.

Сабақтың барысы:

Мұғалімнің сөзі: Құрметті аналар, ұстаздар! Рухани байлықтың, парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы болған Қарасу орта мектебінің 5-сыныбында өткелі отырған, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне байланысты «Ақ босағаның алтын діңгегі» атты аяулы да ардақты аналарымызға арналған ашық тәрбие сағатымызға қош келіпсіздер. Ендеше, осы ашық тәрбие сағатымызды сәнді де мәнді қылып өткізетін оқушыларымызды, яғни сіздердің қызғалдақтай құлпырған қыздарымыз бен тұлымы желбіреген ұлымызды ортаға шақырайық.

1-жүргізуші: Қазақ халқы – ата-ананы пір тұтқан халық. Сондықтан болар, тегімізді атадан, тілімізді анадан таратқан халықпыз. Халқымыз «әйел – барша тілектің бастауы, көркемдік пен жылылық көзі, шуақ пен мейірім әлемі, өмірдің сәні» деп қасиет тұтып, оған көңілінің төрінен орын беріп ардақтап аялаған. Өйткені әйел-ана әрбір отбасының алтын діңгегі.

2-жүргізуші: Әке-шешені Пайғамбар да қатты құрметтеген. «Жұмақ ананың табанында» - деді ол. Бір күні Пайғамбарға әлдекім

келіп «Шын айтыңызышы, мен жақсылықты әуелі кімге жасауым керек» деп сұрапты. «Өз анаңа» деді Пайғамбар. «Тағы да кімге?» деді әлгі адам. «Анаңа деді Пайғамбар». «Сонан соң кімге?» - деді сұраушы. «Өз әкеңе» - деген екен Пайғамбар. Енді өздеріңізге арнаған жыр шумақтарымызға кезек берейік, аяулы аналар, бүгінгі айтылар әндеріміз де, оқылатын өлеңдеріміз де тек қана сіздерге арналды, қабыл алыңыздар.

1-оқушы: Дүниенің ең қымбаты ана екен, Ананың ең тәттісі бала екен.

Түн ұйқысын төрт бөліп тәрбиелеген, Ананың орны бөлек дара екен.

Балаға ана еңбегі парыз деймін, Меккеге апарса да өтелмеген.

Ұрпаққа бұл өсиет аңыз деймін, Аналар мерекесі құтты болсын.

Жасыңа жас қосылып, бақыт қонсын.

Өмірдің қызығын көр жыл сайын, Береке мен бірлікке ортаң толсын.

2-оқушы: Арым да, ардағым да анам екен, Ана деген – адамға атамекен.

Түн ұйқысын төрт бөліп берген сүті, Жүрегінде жыр болып жатады екен.

Өмірді ащы, тұщы аралаған.

Сондықтан Анам ойы дана маған.

Жайқалып жауқазындай өсіп келем, Өсірген ержеткізіп панам – Анам.

3-оқушы: Той пердесін ашайық, Тойға шашу шашайық.

Аналарды құрметтеп,

Ән маржанын шашайық, - деп «Перзент парызы» әнін қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші: Ерте заманда қазақ даласына шабуыл жасаған қалың қалмақ қолы бір қаланы қоршап алыпты. Қорғаннан өте алмаған жау қалаға келетін ауыз суды тоқтатып халықтың берілуін күтіпті. Бірнеше күн өтсе де қала берілмеді. Сонда дұшпанның әскер басы мынадай бұйрық шығарыпты. «Қаладан көтергенше жүк алып әйелдердің кетуіне рұқсат етемін» дейді. Әйелдер бір-бір қапшық арқалап қаладан шығып кетеді. Дұшпан қалаға кірсе бірде-бір еркек жоқ, сөйтсе әйелдер ер-

-азаматтарын, кемпірлер шалдарын, кішкене қыздар ұл балаларды қапқа салып көтеріп қаладан шығып кеткен екен дейді. Дұшпанның әскер басы әйел адамдардың тапқырлығына таң қалып, риза болып арттарынан қуғыншы жібермепті.

Осылай бар халықты әйелдер аман алып қалған екен. Сен солай жасай алар ма едің?

2-жүргізуші: Білмеймін, мен тек біреуін ғана алып шығар едім.

1-жүргізуші: Ол бақытты жан кім болды екен?

2-жүргізуші: Айтпаймын, ендеше ол өзіңнің құпияң болсын.

1-жүргізуші: Енді тағы да жыр шумақтарына кезек берелік.

4-оқушы: Асыл анам — алтын жан, асқар тауым,

Арайланып алдымнан атқан таңым.

Әлпештедің, әлдиілеп, аяладың,

Әр кеш менің — ән-күйім, сая бағым.

Гүлім болып көгімде сен көрінген,

Күнім болып көгімде сен көрінген.

Ақын ең сен, әр таңға асық жаның,

Алыс кетсем аңсаймын, сағынамын.

5-оқушы: Ана десем, сезім билер тым ыстық,

Жарасымды адамдарға тыныштық.

Бар адамға берсе ананың мейірімін,

Орнар еді бар әлемге тыныштық.

Ана десем шешек атып жанары,

Өмірімнің бастау алар жаңа әні.

Ана деген тіршілікке пана боп,

Әрбір үйде жұлдыз болып жанады.

2-жүргізуші: Екі оқушының диалогына кезек берейік.

1-оқушы: Өмір сүру үшін не керек?

2-оқушы: Өмір сүру үшін алтын, ақша, мал, байлық қажет.

1-оқушы: Жок, сен қателестің. Адамның өмір сүруі үшін су, от, тұз, қыз, ақыл қажет. Су тіршіліктің нәрін береді, от өмірдің сәнін береді, тұз астың дәмін келтіреді, қыз — болашақ ана көңілдің сәнін келтіреді, ақыл өмірдің мәнін келтіреді.

Мұғалімнің сөзі: Ендеше, өз аналарыңды мақтап көрелік. Өздеріңіздің жазған Ана туралы шығармаларыңызды, ойларыңызды

ортаға салайық. Сөз кезегі өздеріңізде. **(Шығармалар оқу)**

6-оқушы: Анашым, жыр арнады қалқан бүгін,

Көмкерер сен дегенде бір танды күн.

Болса егер уысымда бір өзіңе,

Сыйлар ем дүниенің дархандығын!

«Қой» десен, бала күнде «неге?» дедім,

Өзінде мені нұрға бөлеген үн.

Қанат жоқ әттең, шіркін асыл анам,

Жұлдыздың бәрін әкеп берер едім.

7-оқушы: Төгілген маған мейірің — бейне шуағың,

Сарқылмас мәңгі ән салған бастау бұлағың.

Жасашы, Ана!

Жасашы, менің тілерім,

Қанатын қомдап ұшса да биік ұланың.

Анашым, сенсің мәңгілік менің тірегім,

Мен үшін пана нұрлы әлем сыйған жүрегің.

Еңбегінді ақтап, аялап өтсем тек сені,

Болмасты басқа перзенттік менің тілегім.

Барлығы: Аналарды сүйеміз, сөзін ойға түйеміз,

Әжені де ардақтап, әдеппен бас иеміз. (Барлығы бас иеді)

«Әжестайым» әні орындалады.

Мұғалімнің сөзі: Сен анаңа қалай көмектесесің? немесе «Ананды толық танысың ба?» деген сұрақтарға жауап беріп көрелік.

- Анаңның сүйіп жасайтын жұмысы. Анаңның туған күні. Үйді кім жинайды? Анаң қандай түсті киімді ұнатады?

1-жүргізуші: Әсем би әрбір елдің рәсімі екен,

Өнерпаз ортамызда басым екен.

Өнерін қуаныштан кім аяған,

Жаңа биді сіздерге шашу етем, - енді келесі кезекті қыздарымыздың тамаша бір биіне берелік. Қыздар дайын болғанша, аналар, сіздерге сұрақ қоюға рұқсат етіңіздер.

1. Төрт түліктің пірлерін атаңыз;

2. Бес асылды атаңыз;

3. Үш байлықты атаңыз;

4. Шашалып қалған адамға не дейді?

5. Сақина мен жүзіктің айырмашылығы неде?

6. Қыз балаға лайық мамандық деп қай мамандықты ойлайсыз?

7. Ұлы Отан соғысына қатысқан қандай батыр қыздарды білесіздер?

8. Үш арсызды атаңыздар.

2-жүргізуші: Сен дайын болсаң, мен саған сұрақ қойғым келіп тұр.

- Үйдегі алтын қазық кім деп ойлайсың?

1-жүргізуші: Үйдегі алтын қазық — мына біз, балалар емеспіз бе?

2-жүргізуші: Жоқ, Мирас сен қателестің. Үйдегі алтын қазық — аяулы да, ардақты анамыз. Ана ақылды болса, бала дана болады. Ана тәрбиесі — қызға үлгі, әке тәрбиесі — ұлға үлгі. Анаң ақылшың, әкең — қамқоршың. Ананы сыйламағанның ақылы кем, әкені сыйламағанның жақыны кем. Ананың мейірімі көзінде, ықыласы көңілінде, ақылы сөзінде.

1-жүргізуші: Дүниенің сыры бар назарында,

Ай мен күннің нұры бар ажарында.

Бар әлемнің Баяны, Қыз Жібегі,

Баскада емес, дәл менің қазағымда, - деп ақындарымыз жырлағандай, келесі кезекте «Ерке қыз» әнін қабыл алыңыздар.

Мұғалімнің сөзі: Енді, балалар, сендермен ойын ойнасақ деп тұрмын. Ойынымыздың

аты «Ананды іздеп тап» деп аталады. Ойынның шарты:

Ортаға 3 бала өз аналарымен шығады. Балалардың көзін байлап қояды, музыка басталғанда орындықта отырған аналардың арасынан сипау арқылы өз аналарын табулары керек.

Мұғалімнің сөзі: Балалар, ана туралы кім мақал-мәтел біледі? Аналарымызға арнап айтып берейікші.

1. Ананың құшағы жылы,

Күннің шуағы жылы.

2. Анаң ауыр сөз айтпа,

Атына ауыр жүк артпа.

3. Ананың сүті — бал,

Баланың тілі — бал.

4. Ана сүтін ақтамағанды,

Ешкім де мақтамайды.

5. Ананың көңілі балада,

Баланың көңілі далада.

6. Ананың сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді.

Рахмет. Сіздер аналарыңызды өте жақсы көресіздер және қадірлейсіздер деп ойлаймын.

Енді балаларыңыздың сіздерге арнап жазаған сыйлықтарына кезек берейік.



Бақытты балалық шақ



Гүлнархан
Құмарбекқызы
ТЕМІРБЕКОВА,
КМҚК «№172
бөбекжай-
балабақшасының»
тәрбиеші-модераторы.
Алматы қаласы.

Балабақшаға бейімделген балалармен ересек топтарда жұмысты жүйелі жүргізу өте маңызды. Мұнда балалардың дұрыс сөйлеу тілі, эмоциялық жағдайы, зейіні,

қызығушылығының дамуының алғашқы баспалдағы қаланады. Сондықтан, балаларды мектептегі оқуға және жағдайларға бейімдеуде, тәрбиешілердің рөлі ерекше. Егер сөйлеу, ойлау, қабылдау процестерінің дамуы қалыпты жағдайда жүрмесе баланың ой-өрісінің дамуы да кейін қалады. Осындай жауапкершілікті сезіне отырып, алдымда отырған әрбір бүлдіршіндермен жеке дара жұмыс жасап, үнемі дұрыс сөйлеуге, ойлау қабілеттерін арттырып отыруға мән беремін. Тобымдағы тәрбиеле-



нушілер бір нәрсені құмартып білуге талаптанып отырады. Олар өте байқағыш, еліктегіш, әр нәрсеге үңіле қарайды. Күн сайын жаңа сұрақтар қойып, сол сұрақтарына толықтай жауап беруге тырысып, оларға түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын түсіндіріп отырамын. Жүйелі түрде түрлі тақырыптарда тәрбие сағаттарын жүргізіп, ойларын еркін жеткізуіне ықпал етемін.

Мақсаты:

1. Бақытты балалық шақ ұғымының мәнін терең ашып, оқушылардың дүниетанымын кеңейту;

2. Сөздік қорын байыта отырып, ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіру;

3. Ақпаратты өздігінен игеру және талдау, интерпретациялау білігін жетілдіру. Оқушының шығармашылық қиялы мен ой-өрісін, ұғымдар арасындағы байланысты айқындай білу машығын, жалпыдан жалқыны бөліп ала білу және соған сәйкес ой тұжырымдау қабілетін дамыту.

Әдіс-тәсілдер: Ізденушілік, зерттеушілік, көрнекілік, сөздік, СТО стратегиялары.

Көрнекі құралдар: Сызба нұсқалар, «Бақытты бала» моделін суреттеген тірексызба, кеспе қағаздар.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру. Психологиялық тренинг.

Оқушылар өздеріне ұнаған түсті шарларды тандап алады:

Қызыл — көтеріңкі көңіл-күй; Көк — тыныштықты, қанағаттанушылықты, сенімділікті, шыншылдықты; Сары — көңілділікті, ұстамдылықты және жеңілдікті білдіреді;

(Шардан әдемі гүл жасап іліп қою)

II. Сабақ тақырыбын хабарлау.

1. Хор Ә. Дүйсенбиевтің әнін айту. «Біз — өмірдің гүліміз» жетелеу сұрақтары арқылы интербелсенді тақтада берілген суреттер бойынша әңгіме құрастыру.

- Балалар неге қуанып тұр?

- Балалардың қолдарында не бар?

- Қандай баланы бақытты бала деуге болады?

2. «Ата-анаға еркелеймін»

Ата-аналарың сендерді қалай еркелетеді? *(Әр бала жауап береді)*

3. Топтық жұмыс. «Мен қандаймын?» атты лото арқылы ұйымдастырылады.

- Балалар, адамзатты сүю үшін менің бойымда қандай қасиеттер болу керек? деген сұрақ төңірегінде ойланып көрейік. Әр топқа лото таратылады, онда адам бойында кездесетін жағымды және жағымсыз қасиеттер бейнеленген. Сенің бойыңда «бар» деп есептеген қасиеттерді берілген суреттермен сәйкестендіріңдер. Жағымсыз қасиеттерді қара жәшікке салу.

* Қамқорлық; Өсек; Адамшылық; Адамгершілік;

* Залымдық; Бауырмалдық; Сабырлық;

* Еңбекқорлық; Өтірік; Еркіншектік;

* Рақым; Талап; Мақтаншақ;

* Мейірімділік; Батылдық; Еріншек;

* Бекер мал шашпақ; Қанағатшылдық;

Ізденімпаздық;

* Ізгілік; Қатыгездік.

4. «Ермексазбен жұмыс».

Музыка қосылады.

Топтарға тапсырма: ермексаздан гүл шоқтарын жасау, көрме ұйымдастыру.

III. Сабақты қорытындылау.

Мұғалім тақтаға өзі дайындап әкелген «Бақытты балалық шақ» моделін іледі де, балалар күн сәулесін жапсырады, балалар жаттаған өлеңдерін кезек-кезек айтады.

Домбыра дастаны

Мақсаты:

Домбыра аспабының құрылысымен, шығу тарихымен таныстыра отырып, домбыраның ән-күй өнеріндегі алатын орнын түсіндіру.

Оқушылардың ән-күй тыңдау арқылы әуендік сезімталдығын арттыру, есте сақтау, қиялдап, ойлау қабілеттерін дамыту.

Өнер иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: домбыра суреті, күйшілердің суреттері.

Сабақтың өту барысы:

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу. Психологиялық әзірлік.

Әнұран орындалады.

Тәрбиеші: Оқушылар, біздер қандай ән орындадық?

Оқушылар: ҚР Мемлекеттік Әнұранын.

- Жақсы, балалар, Әнұранды білу әрбір азаматтың міндеті, сол себепті біздер әр сабақтың басында әнұранды орындаймыз.

Тәрбие сағаты 3 бөлімнен тұрады:

1. Домбыраның шығу тарихы және сыртқы құрылысымен танысу;

2. Күйші аталармен күй тарихы;

3. Қонақтардың келуі.

Күй ойнайды қазағымның қанында,

Күй ойнайды қазағымның жанында.

Жүрегімнің, жүрегімнің дүрсілі,

Күмбірлеген домбырасы барында, - деп бүгінгі тәрбие сағатымызда домбыраның шығу тарихы, құрылысы оның ән-күй өнеріндегі алатын орнына тағы басқа домбыра туралы білімдерімізді ортаға сала отырып, білмегендерімізді үйренеміз.

Жаңа сабақ.

Тақтада қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарының суреттері ілулі тұрады.

Оқушылар, біз бүгін сабағымызда қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарымен, соның ішінде домбыра аспабымен танысатын боламыз.

Қай ұлт болмасын өзінің ұлттық музыкалық аспаптары болады. Музыкалық аспап белгілі бір ұлттық музыкалық өнерін насихаттаушы құрал болып табылады. Қазақ халқының музыкалық аспаптары сан алуан. Біздің ерте заманда өмір сүрген ата-бабаларымыз аспапты ойлап тауып, қолдан жасап, ойнай білген екен. Халық арасында кеңінен тараған ең танымал аспап, домбыра аспабы. Домбырада әр түрлі музыкалық шығармалар орындалады. Ән-күй, терме, жырау, толғау, тіпті классикалық шығармаларды орындауға болады. Бұрын ел арасында небір әнші, жыршы, күйшілер өмір сүрген. Олар ел аралап, домбырамен тойларда ән салып, халықтың көңілін көтерген. Жаугершілік соғыс кезінде домбырадан төгілген күй адамға рух берген, еңсесін көтерген. Аты аңызға айналған ержүрек батыр Махамбет те домбырада ән салып, күй тарта білген. Ал ұлы күйшілерден Құрманғазы, Дина, Тәттімбет, т.б. күй өнерінің негізін қалағандар.

Қазіргі кезде домбыраны қолына алып, ән айтып жүрген қандай әншілерді, ақындарды білесіңдер?

Домбыра аспабы, бір сөзбен айтқанда, қазақ халқымен бірге жаралған деп айтуға болады. Қазіргі заманда бұл аспапта ойнауды арнайы оқу орындарында үйретеді. Ал, біздің қалада күй, терме өнеріне үйрететін үйірмелер бар ма?

Домбыраның құрылымы.

Домбыра неше бөліктен тұрады?

Оқушылар жауабы: үш бөліктен тұрады.

Шанағы (кеудесі), мойны және басы;

Домбыраны қарағайдан жасайды. Шерткенде үні таза болу үшін ағашты суға қайнатады. Ішегін ешкінің ішегінен жасайды.

Шанақта дауыс шығаруға арналған ойық, үлкен тиек және ішекті тартып тұратын түйме орналасқан;

Мойын пернелерге бөлінген;

Басында ішекті тартып бұрауға арналған екі құлақ бар. Құлаққа екі ішек тағылады. Құлақ домбыраның күйін келтіруші рөл атқарады.

- Балалар, домбырамен небір қуанышты, қайғылы оқиғаларды жеткізген. Домбыраның шығуы туралы аңыз да бар. Осы аңызды естігендерің бар ма?

Кім айтады?

Оқушылар жауабы:

- Балалар, енді осы домбыра аспабында ойналып, қаралы қайғыны естірткен күй туралы аңызды тыңдаңыздар.

Аңыз күй «Ақсақ құлан»

Ертеде ел билеген Хан өмір сүріпті. Бір күні оның жалғыз баласы әкесінің тілін алмай, құлан аулауға шығады. Құлан аулап жүріп, хан баласы ұзап кеткенін байқамай қалады.

Біршама уақыт өтеді. Жазық далада бір топ құлан жайылып жүр. Хан баласының атқан оғы үйірді бастап жүрген басшы құланды жаралайды. Жараланып ызаланған құлан аңшыға қарсы шауып

келіп, баланы теуіп өлтіреді. Хан бір сұмдықтың болғанын сезіп, баласы туралы жаман хабар әкелген адамның көмейіне қорғасын балқытып құйдырамын деп уәде береді. Халық не істерін білмей қиналады. Сол кезде елге танымал күйші келіп, домбыраны алады да, бір күйді ойнай жөнеледі. Күйді тындап отырғанда, аңшылық көрініс, ашулы құландардың шабысы, хан баласының өлімі көз алдыңыздан өтіп жатады. Хан болған жағдайды түсінеді. Күйші болған жағдайды күй арқылы жеткізеді. Хан берген уәдесінен таймас үшін өзіне қайғылы хабар жеткізген домбыраға қорғасын ерітіп құйдырады... міне, күй құдіреті деп осыны айт!

Домбыраның шанағындағы ойық осылай пайда болған екен деседі.

- Бейнекөріністен қандай аңызды көрдік?

- Міне бұл ертегіден нені түсіндіңдер?

- Күйші дегеніміз кім?

- Қандай күйлерді білесіңдер?

- Міне, балалар, қазақ халқының ұлттық музыкалық аспабы домбыра туралы айтылар аңыз да, шертілер сыр да көп. Біз бүгін сабақта ол туралы біраз мағлұмат алдық.

Енді осы күйді тындап көрейік. Күй «Ақсақ құлан» деп аталады.

- Ал, енді, балалар, жұмбақ шешіп көрейік.


Ұзын мойны,

Екі ішек.

Қатар-қатар тепкішек.

Басып көрсен бір-бірлеп,

Үн шығады күмбірлеп.



Боз арғымақ, аузы жоқ,
Мұрны жоқ, екі құлақ.
Белінде белбеуі бар бунақ-бунақ.
«Шу» деп саусақпенен шертіп қалсаң,
Шабады жүйрік әуен тулап-тулап.
Сөзжұмбақ «Домбыра».

Сергіту сәті:

«Кім жылдам?» ойыны ойналады. Үш оқушы тақтаға шығып қағаздан қиылып әзірленген домбыра суретінің қиылған бөлшектерінен домбыраны құрастырады.

Оқушылар тақпақтарын айтады.

1-оқушы:

Үкілі домбырам,
Өзіңмен сырласам.
Ғасырлар дауысы бар,
Үніңді тыңдасам.

2-оқушы:

Даламның мұңындай,
Сен толқып жырласаң.
Тағдырлар алуан
Кім өтті, кім қашан?

3-оқушы:

Домбырам — серігім,
Домбырам — жан досым.
Жанымда әрқашан,
Өзіңмен сырласам.
Өзіңмен мұңдасам,
Үкілі домбырам!

4-оқушы:

Үкілі домбырам,
Өзіңмен мұңдасам.
Елестер жан бабам,
Күйіңді тыңдасам.

5-оқушы:

Жаным бір жай табар,
Сен толқып жырласаң.
Таң атып, күн туып,
Бақ қонар күн қашан?!

6-оқушы:

Мақтан етем өмірге,
Дастарханы төрінде,
Ұлттың ұлы туындай,

Әрбір қазақ үйінде.

7-оқушы:

Жан досымдай сүйемін,
Алдына бас иемін.
Ұлы бабам мұрасы,
Киелі домбыра.

Түзету жұмысы.

- Домбыраны жасау да өнер, тарта білу де өнер. Мұның бәрі өнерлі адамның қолынан ғана келер іс.

- Олай болса, осы өнер жайлы қандай мақал-мәтел білеміз. Соны ортаға салайық.

8-оқушы: Өнерлі бала сүйкімді.

9-оқушы: Олақ өзгеге сенсе,
Өнерлі өзіне сенеді.

10-оқушы: Өнерлі өрге жүзеді.

11-оқушы: Өнерлінің қолы алтын.
Өлеңшінің сөзі алтын.

Қонақтардың келуі.

Қорытынды.

- Ал, құрметті оқушылар, сабағымызды қорыта келіп, бүгінгі естіп-көргеніміз туралы айтайық.

- Домбыра қай халықтың аспабы?

- Домбыра неше бөліктен тұрады?

- Домбыраның құдіреті қандай екен?

Сонымен:

Домбыра жүрегіммен үндес едің,
Өзіңмен сырласымдай тілдесемін.

Бабалардан қалған мұра, сен болма-саң,

Өмірдің не екенін білмес едім, - деп сабағымызды аяқтаймыз.

**Толқын Тоқтасынқызы
ОТЫНЧИЕВА,**

**Талдықорған қаласының облыстық
зерде**

**бұзылыстары бар балаларға арналған
мектеп-интернатының тәрбиешісі.**

**Талдықорған қаласы,
Жетісу облысы.**

Өз құқығыңды білгенің – дұрыс өмір сүргенің

Мақсаты:

Білімділік: Оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып, заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолын сын сәтте таба білу арқылы жеңіске жету, алдына мақсат қоя білуге баулу;

Тәрбиелік: Конституцияны, т.б. құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілік, елжандылық, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу;

Дамытушылық: Оқушылардың ойлау, тыңдау, сөйлеу мәдениетін дамыту, қабілеттерін шыңдау.

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар және оқушылар! Ата заңымыздың 1- бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Оның басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген қастерлі сөзді кіргізген. Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң саласында мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан да заңды білу – заман талабы. «Өз құқығыңды білгенің – дұрыс өмір сүргенің» айдарымен ұйымдастырылып отырған тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

Барысы.

Ұйымдастыру кезеңі.

а) оқушыларды екі топқа бөлу: 1-топ «Әділет», 2-топ «Ақиқат»

ә) әділқазылар алқасын тағайындау.

б) сайыстың мақсаты мен мазмұнын таныстыру.

Негізгі бөлім

Сайыс жоспары

1. Таныстыру (топ аты, өмірлік ұстанымы)

2. Тікелей сұрақ (әр топқа 10 сұрақтан)

3. Ол не? Ол кім?

4. Ой талқы.

Тақырыптар:

а) Жастарды қылмысқа итермелейтін не?

б) Жастар арасында қылмысқа жол бермеу үшін не істеу керек?

5. Адасқан әріптерді орналастыр

6. «Өз құқықтарыңды біл» (бала құқықтары бойынша)

7. Ой жалғау кезеңі (сөздің жалғасын табу)

8. «Ой елегін өткіз» кезеңі

9. Білімді тиянақтау

10. Қорытынды (Әділқазылар алқасының қортындысы)

I бөлім. «Таныстыру». (Әр топ атын, ұстанымын таныстырып өтеді)

I топ «Әділет».

II бөлім. «Тікелей сұрақ». Әр топқа заң, құқық тақырыптарына қатысты 10 сұрақ қойылады. Әрбір дұрыс жауап бір ұпаймен белгіленеді.

«Әділет» тобының сұрақтары:

1. Конституция сөзінің аудармасы қалай? (Құрылым, өкілім)

2. ҚР-да мемлекет билігінің бірден-бір бастауы? (Халық)

3. Республика заңы қай кезде күшіне енді? (Президент қол қойғаннан бастап)

4. Егемендік алғаннан кейін ҚР-да конституция қанша рет қабылданды? (2 рет: 1993ж. 28 қаңтар, 1995 ж. 30 тамыз)

5. Республикадағы жоғарғы заң шығарушы органды ата? (Парламент)

6. «Қасым ханның қасқа жолы» неше тараудан тұрады? (5)

7. ҚР өзін қандай мемлекет ретінде орнықтырды? (Демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік)

8. ҚР конституциясы неше бөлімнен, неше баптан тұрады? (9 бөлім, 98 бап)

9. Құқық дегеніміз не? (Мемлекет тарапынан заңдастырылған және қорғалатын, жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі)

10. 16 желтоқсан қандай күн? (Тәуелсіздік күні)

«Ақиқат» тобының сұрақтары:

1. Еліміздің мемлекеттік тілі (Қазақ тілі)

2. ҚР «Балалар құқықтары туралы

заң» қай жылы күшіне енді? (2002 ж. 8 тамыз)

3. ҚР-ның төл теңгесі қашан қолданысқа енді? (1993 ж. 15 қараша)

4. Дүниежүзіндегі тұңғыш конституция қай жылы пайда болды? (АҚШ-та 1787 жылы)

5. Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясы қашан қабылданды? (1948 ж. 10 желтоқсан)

6. ҚР-дағы «Бала құқықтары» туралы заң қанша тараудан тұрады? (9 бөлім, 98 бап)

7. ҚР-ның мемлекет нышандары туралы заң қай жылы қабылданды? (1992 ж. 4 маусым)

8. «Жеті жарғыны» қабылдаған қазақ ханы кім? (Тәуке хан)

9. Бала құқықтары туралы конвенция қашан қабылданды? (1989 ж. 20 қарашада БҰҰ-ның бас Ассамблеясы қабылдады)

10. ҚР-ның жаңа әнұраны қашан қабылданды? (2006 ж. 6 қаңтар)

III бөлім. Ол кім? Бұл не?



«Әділет» тобының сұрақтары:

1. Мемлекет туының авторы кім? (Ш. Ниязбеков)

2. Темекінің құрамындағы улы зат? (Никотин)

3. Тұңғыш президент кім? (Н. Назарбаев)

4. Жеті қазынаның бірі (Ит)

5. Мәңгілік өмірді аңсаған кім? (Қорқыт)

«Ақиқат» тобының сұрақтары

1. Көлік күтетін жер (Аялдама)

2. Ең бірінші бақытым — халқым менің,

Ал екінші бақытым — тілім менің,
Бақытым бар үшінші — Отан деген, -
деп жырлаған ақын (М. Мақатаев)

3. Өлеңмен жазылған шығарма (Поэма)

4. Мемлекеттік елтаңбаның авторы? (Ш. Уәлиханов, Ж. Мәлібеков)

5. Мемлекеттік бас құжат (Конституция)

IV бөлім. «Ой талқы».

Берілген сұраққа әр топ ой-тұжырымын білдіреді.

I топ: «Әділет» тобына:

Тақырып: Жастарды қылмысқа итермелейтін не?

II топ: «Ақиқат» тобына:

Тақырып: Жастар арасында қылмысқа жол бермеу үшін не істеу керек?

V бөлім. «Адасқан әріптерді орналастыр».

1. ЕКОНЮС — БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйым.

2. АТКРЕДИЯМО — халық еркі немесе билігі.

3. ЕНТЕЗПРИДЕ — мемлекет басшысы.

4. УАТРА — айырбас үшін арнайы өндірілетін өнім

5. АТТӨЛЖҰҚ — азаматтықты куәландыратын құжат.

6. РПАЕЛМАНТ — заң шығарушы орган

VI бөлім. «Өз құқығыңды біл».

ҚР-ның 2002 жылы 8 тамыздағы №345 Баланың құқықтары туралы заңындағы кейбір баптарға талдау.

VII бөлім. «Ой жалғау».**«Әділет» тобына:**

1. Заңның құрығы ... (бәрінен ұзын)

2. Өш алғаннан гөрі ... (кешірген жөн)

3. Тура биде ... (туған жоқ)

4. Ақырын жүріп ... (анық бас)

5. Асыл тастан ... (өнер жастан)

«Ақиқат» тобы:

1. Ұрлық түбі ... (қорлық)

2. Жазасын тартпайтын ... (жамандық болмайды)

3. Әдепті бала ... (арлы бала),

Әдепсіз бала ... (сорлы бала)

4. Тәрбие ... (отбасынан басталады)

5. Әділ істің ... (арты игі)

VIII бөлім. «Ой елегінен өткізу».**1) Оқушы неге құқылы?**

Білім алуға, емделуге, демалуға, ұрлық жасауға, қоршаған ортаны ластауға, өз сыныптастарына кедергі жасауға.

2) Оқушы неге міндетті?

Білім алуға, ата-анасын тыңдауға, басылымдарға жазылуға, оқулықтарын таза ұстауға, мектеп тәртібін сақтауға, үй тұрғызуға.

IX бөлім. «Білімді тиянақтау». Сәйкестендіру кестесін құрастыру.

Қорытынды (әділ қазылар алқасының қортындысы).

Мейраш АЯШОВА,

№111 орта мектептің технология пәні

мұғалімі.

Алдашбай ахун ауылы,

Қармақшы ауданы,

Қызылорда облысы.

Қанаттын жайған

Қарағанды

Мақсаты:

Балалардың Қарағанды жайлы мағлұмат жинақтай отырып, тарихта алатын орнын анықтау, білімдерін толықтыру, тиянақтау. Тақырыптың мазмұнын ашу. Өз Отанын сүйе тәрбиелеу, туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру. Өз туған жерін мақтан ету.

Әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелеу, баяндау.


Көрнекілігі: Интерактивті тақта, слайд
Қарағандыға арналған бейнеролик.

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру кезеңі

- Балалар, біз қай қалада тұрамыз?
- Қарағанды қандай қала?

Тәрбиеші: Балалар, туған жерін сүймейтін адам жоқ. Тек өз сезімін әркім әр түрлі жеткізуі мүмкін. Суретшілердің тілі бояу, музыканттардың тілі музыка, ақындар өлең жырларымен жеткізеді. Балалар, адамның бақытты өмір сүруі туған жеріне Отанға деген махаббатына байланысты. Олай болса ақындардың туған жер туралы өлең шумақтарына кезек берейік.



1-бала:

Тербеген Арқаның самалы,
Сәулетті, дәулетті қаланы.
Еңбек пен ерліктің мекені,

Кеншілер шаһары — Қарағанды!

2-бала:

Қараганда! Ты гордость Казахстана,
Ты песня новая моя.
Твоим делам, твоим рабочим планом,
Завидуют другие города!
Қараганда — она познала славу,
Когда настала новая пора,
Горячей сталью дышит Темиртау,
Спешит из недр уголь на гора.

- Балалар, осы өлең жолдарында не туралы айттындар?

- Қарағанды қаласы жайлы.
- Ендеше, біздің бүгінгі тәрбие сағатымыз «Қанаттын жайған — Қарағанды».

Қарағанды қаласы туралы танымдық бейнеролик тамашалау.

- Міне қара алтынды Отанымыздың камбасына құйып жатқан Қарағанды қаласы туралы білдік. 1934 жылы қала мәртебесін алған Қарағанды биыл 90 жаста. Ендеше, Қарағанды қаласының тарихы туралы не білесіндер?

3-бала: Мы живём в городе Караганда. Каждый город имеет свою историю, своё прошлое. Совсем недавно на месте Караганды был небольшой посёлок, а среди степи рос кустарник, называемый караганом, отсюда и название этой местности — Караганда. Существует легенда, что в 1833 году мальчик-пастух Аппак Байжанов нашёл уголь и случайно открыл месторождение каменного угля. И вспыхнула звездой Караганда!

4-бала: В Караганде жил, учился и работал Токтар Аубакиров — первый космонавт Казахстана. Окончил Карагандинский учебный авиационный центр.

5-бала: История Караганды тесно связана с лагерями Алжир и Карлаг.

Карлаг, ставший местом заключения множества деятелей науки и искусства СССР и зарубежья, стал очагом культуры Караганды.

В годы войны шахты продолжали выдавать уголь, работу не останавливали.

6-бала: Карағанды — мемлекетіміздің ірі қалаларының бірі. Карағанды қаласының негізі 1934 жылы қаланған. Карағанды тас көмір шығаруға маманданған. Карағанды көмірі — коксті көмір. Ол өндірісте де, тұрмыста да аса сапалы және бағалы.

7-бала: История нашего государства заложена в памяти каждого из нас. Об одном только прошу: историю забывать нельзя, надо помнить и знать о своём городе.

(Слайдта сабақ тақырыбы көрсетілді, балалар өлеңдерін оқиды, сөзжұмбақ, Отан, туған жер туралы мақал-мәтелдер айтылады)

Туған жер туралы мақал-мәтелдер:

Туған жер — алтын бесік.

Отан оттан да ыстық.

Отан отбасынан басталады.

У народа один дом Родина.

Человек без Родины, что соловей без песни.

Родной край сердцу рай.

У кого есть Родина у того есть язык.

Туған жер тұғырың,

Туған ел қыдырың.

Сергіту сәті.

Қарағанды көрнекі жерлері туралы викториналық ойын.

Тәрбиеші: Қарағандының есте қаларлық көрнекі жерлеріне саяхатқа шығамыз. Тек оның жауабын сендер айтасыздар.

1. Ғимарат төбесінде әр түрлі мамандық иелерінің мүсіні бар;

2. Мұнда халық аспаптар өте көп және онда студенттер ән айту, халық әндерін айтуды үйренеді;

3. Мұнда аттылы киімді жігіт мүсіні бар. Мұнда неше түрлі тарихи макеттер көп еді;

4. Бұл жерде көп хайуанаттар, құстар өмір сүреді;

5. Бұл жерде әр түрлі өсімдіктер өседі;

6. Бұл қазақ үйге ұқсас әдемі ғимарат. Онда халық өте көп, мұнда акробаттар, клоундар, андар өнер көрсетеді;

7. Орда күмбезі, сұлу күмбез. Ол жерге барғысы келетіндер көп, бес уақыт парыз өтеуге таптырмас орын;

8. Бұл жерге адамдар көп жиналады. Жігіттер ат ойыны бәйге, көкпар, қыз қуу ойындарына қатысады. Тамаша демалыс орны.

Сөзжұмбақ шешу.

1. Мемлекеттік тіл; (Қазақ)

2. Ұлы жазушы, аудармашы; (Абай)

3. Жыл атауларының бірі; (Сиыр)

4. Қарағанды футбол командасы; (Шахтер)

5. Аспан әлемі; (Ғарыш)

6. Көмірді тапқан қойшы бала; (Аппақ)

7. Ас атасы — ... (Наң)

8. Ашу — дұшпан, ақыл — ... (Дос)

9. Жыртқыш құс. (Лашын)

Шығармашылық еңбек. Қарағанды қаласының қала күніне арналған құттықтау қағазын жасау.

Қорытынды.

Райхан Амангелдиевна
МОНТАЙБАЕВА

Қарағанды облысы білім
басқармасының

«Ерекше білім беру қажеттілігі бар
балаларды қолдау орталығы» КММ
тәрбиешісі.

Қарағанды қаласы.

Ұлу жылы ізгі ұраны ұлыстың, ұйымқысы ынтымақ пен ырыстың



**Кенжегүл
САХИТОВА,
Ы. Алтынсарин
атындағы орта
мектептің
ағылшын тілі пәні
мұғалімі.
Шорға ауылы,
Тарбағатай ауданы,
Абай облысы.**

Мақсаты: ұлттық мерекелер ерекшелігін, табиғат пен адамның байланысын, салт-дәстүрін, ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. Ұлу жылының ерекшелігін көрсету. Қазақтың әдет-ғұрпы, тіліміз бен дінімізді құрметтеуге, имандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: «Наурыз» туралы нақыл сөздер, баспасөз материалдарынан көрме ұйымдастыру, ұлу жылы туған перзенттерінің суреттері.

Барысы:

I. Мұғалімнің кіріспе сөзі.

- Құрметті ата-аналар, ұстаздар, оқушылар! Барлықтарыңызды Ұлыстың Ұлы күні «Наурыз» мерекесімен құттықтаймын! Өткен «Қоян» жылына рахметімізді айта отырып, келіп жеткен «Ұлу» жылына табыс тілеймін. Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

«Наурыз думан» әні орындалады.

1-оқушы: «Наурыз» — өте көнеден келе жатқан мейрам. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мейрамына айналып отырған бұл мерекенің қашаннан бері тойланып келе жатқанын дәл айту қиын. Ғалымдар оның шығу негізін дуалистік теорияға — жақсылық пен жамандықтың, жаз бен қыстың, суық пен жылының, қайырымдылық пен қатыгездіктің күрестартысына сүйене отырып түсіндіреді. Соғ-

далдықтар жақсылыққа «Ахура Мазда», жамандыққа «Ахирман» деп ат қойса, бұрынғы қазақтар жақсылықты «кие», жамандықты «кесір», қысты «зымыстан», жазды «табысқан» деп атаған.

2-оқушы: Осы бір «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер», өлінің әрі тартар, тірінің бері тартар қиын қысталаң күндері қазақ тілінде «өліара» деп аталады. Қазақтар осы өліараны өткізіп жібермей жолаушы шықпайды, қоныс аудармайды, жиын-той жасамайды, мал сойып, қонақ шақырмайды. Ақсақалдар өліарада «Апырай, қайтер екен» деп ауыл иттерін де үргізбейді. Қыс пен жаздың халық санасындағы осы күресі ақын М. Мақатаевтың мына бір шумақ өлеңінде әдемі көрініс табады:

Көктем жетті көл-көсір шуақ қуып,
Қыс барады қиылып жылап тұрып.
Шатырында үйлердің Наурыз жүр,
Мұз көрпесін ақпанның лақтырып.

Күнге байланысты жарық пен түнді салыстырып бейнелей білген. Сондықтан «Түн баласы ауыр», «Түнде кір жууға, тырнақ алуға, суға баруға болмайды».

Мұғалім: Неге?

«Жаман болады» деп жауап қайырады үлкендер. Наурыз күні қыздың атын жарыққа байланыстырып Сәуле қойып жатады, үнділер Индира дейді екен.

3-оқушы: Халқымыз қандай жағдайда болса да соңғы жылы, жұмсағын Наурызға сақтаған. Мұның өзі «Көктемге жеттік, аузымыз аққа ілінді, күнкөрісіміз түзелді» деген ниеттен туған. Сондай-ақ Наурыз күні ауыл тұрғындары ұлттық киімдер киіп, өнер және ойын-сауықтар көрсеткен. Бұл күні «Айқыш-ұйқыш», «Аударыспак», «Жау қашты», «Шашбау салды», «Тартыс», «Соқыр теке», «Тоғызқұмалақ» ойындары ұйымдастырыла-

тын. (Осыған орай ұлттық ойындар көрсетіледі).

4-оқушы: Қазақ халқы Наурыз мерекесін қастерлеп, соған лайық жаңа туған нәрестеге ауылдың сыйлы ақсақалына азан шақыртып, ат қойғызған. Ізгі қасиеттерді жұртшылықтың санасына ұялата білуде Наурыз мерекесінің алатын орны ерекше. Наурыз дәстүрін жаңа ұрпақтың бойына дарыта білуіміз қажет.

II. Сауалнама. «Өткен қоян жылы сізді несімен қуантты?»

IV. Ұлу — өмір мен өсудің белгісі.

5-оқушы: Халқымыз Жаңа жыл басын Тышқаннан және Наурыз жұлдызының 22-сінен бастайды. Жыл он екі ай бір айналғанда, бір мүшел жасты құрайды. Алғашқы мүшел — 13 жас.

Еліміз Ұлу жылына аяқ басты. Ата-бабамыз бұл жылды берекелі санайды. Ылғал мол болады. Соның арқасында түрлі дән дақылдары, көкорай шалғын шөп, шабындықтар жайқала көтеріліп, бітік өседі деп сенеді. Ұлу табиғатта бірқалыпты, момақан өмір сүргендіктен, осы атаулы жыл жайлы, жұмсақ, мамыражай тіршілікпен өтеді деп есептейді. Лайым солай болғай!

6-оқушы: Дей тұрсақ та өткен тарих Ұлу жылы айтулы оқиға, түрлі қиындықтардың дә куәсі болғанын еске салады.

Ұлу — лайықты өмір сүру мен үнемі жетілудің, биіктікті игерудің символы. Өте сезімтал. Ұлу жылы туғандар ашық сөйлейді. Ұсақ емес. Төңірегіндегі адамдарға сенеді. Сол себепті, кейде алданып та қалады. Ұлу жылы туғандар жақсылықтарға ие, байлық, ізгілік, үйлесімділік және ұзақ ғұмыр оларға тән. Ұшқыр ойлылығы, болжампаздығы кейде таңқалдырады. Ішкі ойы үнемі озып жүретіндіктен, оны төңірегінділер көп жағдайда түсінбей қалып та жатады. Шын мәнісінде жанындағы адамдар онымен мақтанады. Оны тыңдайды.

7-оқушы: Ұлудың уайымы неғұрлым аз болса, өмірдегі жеңісі соғұрлым көп. Негізі Ұлудың мінез-құлқы қиындау. Іштей көп нәрсеге көңілі толмай жүретіні бар. Өзіне қойған биік талапты төңірегіндегілерден де

талап етеді. Онысын былайғы ортада білдіріп қалады. Ұлудың маңайындағылар алғашында тосылып, одан соң қайта іске қосылумен жүреді.

Ұлу жылы туғандар өмірінің соңғы кезеңінде бақытты ғұмыр кешеді. Өйткені, жастайынан ойына алғаны орындалады. Ұлу — олжаның бастауы. Оған ғарыш кеңістігі қуаты мен зиялылық белгілері дарыған. Солай бола тұра, Ұлу жылы туғандарды ылғи жолы болғыш деп те қарамау керек. Тағдыр талайын тартқан кездері де аз емес. Ұлу жылы туғандар көпшіліктің ішінен бөлекше жарқыраған мандайларымен көрінеді. Бірақ көз қарықтыратындай қуатты емес. Іштей әлсіздігі барын да өздері сезеді. Үнемі мазасыз көңіл-күй Ұлуларға тән.

8-оқушы: Ойы тілінен ұшқыр. Тілі ойынан тез. Солай бола тұра, Ұлу жылында туғандар тек пайдалы кеңес беретіндіктен, көпшілік мойындайды. Тәкәппарлығы, көңілінің кеңдігі де бар. Ұлу жылы туғандар бай-қуатты тұрмыс кешеді. Қандай іске де ыждаһатты, тиянақты, сосын да нәтижесі жемісті. Олар не нәрсені де алдымен іштей таразылауға әуес. Мамандықтың қай саласын тандаса да, мейлі кәсіпкер, әртіс, дәрігер, саясаткер, дінбасы болсын, сол мамандықты өз дәрежесінде асқақтата биіктетуге қабілетті.

Ұлу жылы туған ұлдар төңірегіне сүйкімді көрінеді. Бірақ өзінің ұната қоюы қиындау. Ішкі дүниесіндегі қайшылық, мазасыздық Ұлуларды кеш үйлендіреді. Ал ұлу жылы туған қыздардың көп жағдайда жолы болғыш.

IV. Ұлу жылының перзенттерімен танысайық:

Мұхтар Мағауин, жазушы (1940 жылы)

Бақытжан Ертаев, Халық қаһарманы (1952 жылы туған)

Баубек Бұлқышев, жазушы (1916-1944)

Мейрамбек Беспаев, әнші (1976 жылы туған)

Рональдо, футболшы (1976 жылы туған)

Илья Ильин, зілтемірші (1988 жылы туған)

«Сарыарқа» күйі орындалады.

V. Қорытынды.

Кітап – біздің досымыз

Мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру арқылы дүниетанымын молайту, тіл байлығын, сөздік қорын байыту, ой-өрісін дамыту.

Ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі:

1) Кітап макетіне жазылған ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар;

2) Нақыл сөздер: «кітап – ғажап дос, сенімді сырласың», «Білім мен даналық – адам көркі».

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

Барысы:

Тәрбиеші: Армысыздар, қонақтар, оқушылар!

Бүгінгі «Кітап – біздің досымыз» ашық тәрбие сағатын Ахмет Байтұрсынұлының өлеңімен бастауды жөн көрдім.

Балалар, бұл жол басы даналыққа,
Келіндер, оқып байқап қаралық та.

Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?

Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріндер, іздеп тауып алалық та!

Осы кезде есік ашылып, үлкен кітап бейнесін мойнына ілген оқушы кіреді.

Кітап: Бәрекелді! Мың рахмет Ахмет атамызға. Балалар, мен сіздерге үлкен қуанышпен келдім және дос болып қайтатыныма сенемін.

1-оқушы: Қош келдіңіз, қымбатты досымыз – кітап, жоғары шығыңыз. (Кітапты биік жерге қояды)

Кітап: Балалар, мен бүгінгі мерекемізді жұмбақ айтудан бастайын.

1) Көп әңгіме, өлеңім,

Күнде ақыл беремін.

Жақсы көрсе мені кім,

Мен де жақсы көремін. (Кітап)

2) Үндемес серік, ақылы берік. (Кітап)

Оқушылар жұмбақ шешеді.

Тәрбиеші: Балалар, біз кездесуімізді мұндай жұмбақтармен тегін бастап тұрған жоқпыз.

Бүгінгі әңгімеміздің өзі «кітап» жайында болмақ. Балалар, «Кітап» деген сөз қайдан шыққан, қандай мағына береді?

Кітап: Мен өзім жауап берейін бе?

1-оқушы: Жоқ, балалар жауап берсін?

2-оқушы: Кітап – арабтың жазу деген сөзі. Кітап – рухани қазына, өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу-тәрбие құралы. Алғашқы кітап жазу құпиясын тек дінбасылар мен монахтар ғана білген.

1-оқушы: Иә, дұрыс айтасың.

Тәрбиеші: Алғашқы кітап баспасы ағаштан жасалды. Каллиграфия қалыбы XI ғасырда пайда болды, ал қазақ кітап баспасы Ресейге қосылған соң қалыптасты. Бұған дейін қазақ халқының кітаптары көбінесе араб әрпімен жазылып, қолжазба түрінде тарады. Осыған орай Қазақстанның кітаптары Қазан, Уфа, Орынбор, Ташкент, Семей, Омбы қалаларында шыға бастады. Кітап таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Міне осы асыл қазынаны оқу қазіргі таңда төмендеп отыр. «Кітап маған тақтан да қымбат», - деп атап көрсеткен Шекспир. Сондықтан дүние жүзіндегі тұңғыш кітаптар – еврей еліндегі «Таурат», қытай тіліндегі «Конфуций», парсы тіліндегі «Авеста», грек тіліндегі «Інжіл», араб тіліндегі «Құран». Мемлекетімізде ең маңызды ірі кітаптар Құран. Мағынасы «оқу» дегенді білдіреді. Бұл қасиетті кітапта жалпы адам баласының өмірдегі барлық сұрақтарға жауап алатыны біреуге белгілі болса, біреуге беймәлім. Сол сияқты Ата заңымыз жазылған конституция кітабын біз құрметпен оқуымыз керек, тағы бір маңызды кітап – Қызыл кітап. Қазақстанның Қызыл кітабында сирек және

жойылып бара жатқан түрлердің тізіміне енгізілген жабайы омыртқалылардың 87 түрінің және өсімдіктердің 303 түрінің қазіргі таралуы, санының жай-күйі, биологиясы туралы мәліметтер келтірілген. Қызыл кітапқа ресми енгізілген өсімдіктердің 16 түрі Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығының аумағында тіркелген.

Кітап: Ой, бәрекелді өздерің менің тарихымды жақсы біледі екенсіңдер. Міне, осылай мен өмірге келгем. Менің атыма сай ішкі мәнім де өзгерді. Мен өзімді жазған ақын ағаларымның көңіл-күйін, ішкі сезімін жеткіземін. Сендермен бірге қуынып, бірге күлемін, қиналамын. Сенбесең менімен бірге бол.

(Кітаптың бірінші бетін ашады)

1-бет. «Екі кітап» көрінісі.

2-бет. Жұмбақ айтыс. (Екі оқушы өзара жұмбақ айтысады)

3-бет. Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық.

Ы. Алтынсарин.

4-бет. Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты.

Қырандай күшті қанаты,

Мен жастарға сенемін.

М. Жұмабаев.

5-бет. Кітап — білім бұлағы,

Білім — өмір шырағы.

Тәрбиеші: Міне, көрдіңдер ме, кітаппен достассаң, осының бәрін білесің. Бірде білім нәріне кенелсең, бірде сонау сиқыршылар әлеміне сапар шегесің, бірде ұялтса, бірде мақтайды, бірде бүкіл әлем сырын алдыңа жайып салады. Онсыз дүние жүзі балаларымен дос та бола алмайсың. «Кітапсыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген осы.

Кітап: Міне, балалар, мен осындаймын. Мені оқысандар қызыққа кенелесің, тауды жарып, тасты бұзасың, бүкіл әлемге саяхат жасайсың.

Тәрбиеші: Бізде де кітапқұмар балалар бар. Міне, бір топ балалар жиылып, кітап туралы өз өлеңдерін жазыпты, тыңдайық.

1-оқушы:

Кітаптар — бейне жапырақ
Жырлайтын сырын өмірдің.

Оқисың кейде жатып ап,
Көтеріп күйін көңілдің.

2-оқушы:

Айдыны шалқар кейде бір,
Кітапты тұнған көл дерсің.

Ауадай қажет бейне бұл,
Татпасаң нәрін шөлдерсің!

3-оқушы:

Кітап алма ағашы,
Жемісін бізге беретін.

Тәтті алмаға балашы,
Кітабыңның әр бетін.

Кітап: Балалар, сендер осы менің беттерімнің қалай шығатынын білесіңдер ме?

4-оқушы: Әрине, білеміз. Кітап басып шығару үшін талай адам тер төгеді. Аялап өсірген сансыз ағаштар қағаз үшін кесіледі. Сол қағазға әріптерді қатесіз әрі көркем етіп шығару үшін көп күш жұмсалады.

5-оқушы:

1) Кітап — алтын қазына.

2) Күш — білімде, білім — кітапта.

6-оқушы:

1) Кітап — ғылым, тілсіз мұғалім.

2) Наданмен дос болғанша,
Кітаппен дос бол.

7-оқушы:

Адамның досы кітап, өмір кілті,
Тең келмес оған жиған мүлкі.

Ақылшы, жанға серік, жол бастаушы,
Асыл ой қазынасы, өмір көркі.

Қорытынды:

Тәрбиеші:

Кітабың — сенің құралың,
Жағар білім шырағын.

Баса алмайсың ешқашан,

Онсыз алға бір адым, - деп сабағымызды аяқтаймыз.

**Салима Токтаровна ЕРДЕНБЕКОВА,
Сарқан қаласының облыстық зерде
бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы
мектеп-интернатының тәрбиешісі.**

**Сарқан ауданы,
Жетісу облысы.**

Тоғызқұмалақ ойынынан жарыс

Жарыс мақсаты:

1. Тоғызқұмалақ ойынын насихаттау;
2. Ойыншылардың шеберлігін шыңдау;
3. Оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру.

Жарыс барысы:

Алдымен ойыншыларды таныстыру. Бір-бірлеріне сәттілік тілеу. Жүргізуші ойынның ережелерімен таныстырып өтеді.


Ойын ережелері: тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Алғашқы жүріс бастаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жа-

ған ойыншыны – қостаушы деп атайды.

Жүргізуші:

Тоғызқұмалақ – логикалық ойлау өнері болып саналатын ұлттық интеллектуалдық ойын. Жасөспірім ұрпақтың ақыл-ойының дамуына зор мән берген бабаларымыз 4000 жыл бұрын осы ойынды ойлап тауып, балалардың пайымдауы мен зердесін, қабілеттілігін шыңдаған.

Бүгінде тоғызқұмалақ қайта жанданып, түрлі деңгейде халықаралық жарыстар жиі өткізіледі. Мектебімізде «Тоғызқұмалақ» үйірмесі жұмыс істейді, оқушылар арасында ұлттық ойынды насихаттау мақсатында түрлі



жарыстар ұйымдастырылады. Бүгін сондай бір тартысты жарыс болмақ. Сәттілік тілейміз!

Қызықтырған есепшіні, ойлыны,
Бабалардың бұл — ежелгі ойыны.
Екі адамға тең бөлінген «мал — жайы»,
Ойнау үшін тақтасы бар арнайы.
Бар он сегіз ұясы оның — кіші отау,
Екі қазан үлкен келген — іші отау.
Бір жүз алпыс екі — барлық құмалақ,
Сексен бірден — екі ойыншы тұр қамап.
Әрқайсысының сегіз ұя — «ойы» бал,
Әр ұяның дәл тоғыздан «қойы» бар.
Екі ойыншы — екі «қойшы» кезекпенен,
Түсіреді ұяға «қой» есеппен
Бір-бірінің ұясына айдайды,
«Қой — құмалақ», санын жіті аңдайды.
Ұяда қай жұп болса «қой» - құмалақ,
Бәрі қарсы қазанға кеп құламақ.
Солай талай қой қазанға түседі,
Есепке оны екі қойшы тізеді.
Кімде-кімнің қазаны тез толады,
Сол ойыншы ұтып шыққан болды.
Қызықтырған бүгінде де ойлыны,
Міне, осындай бабалардың ойыны.

Бірінші жүрісте жеребе бойынша анықталған ойыншы бастайды. Жүріс сағат жүрісіне қарсы бағытта жасалады. Алғашты жүрісті ойыншы, мысалы «таңдық» пен маңдайдан жүргенін хабарлайды. (Алғашқы жүрісті тек тоғызыншы отаудан ғана емес, басқа кез келген отаудың бірінен жүре алады)

Жүрісті осыдан бастағаным дұрыс деп есептеген ойыншы сол отауға бір құмалақты ғана қалдырып, жүріс жасаған отаудан кейінгісінен бастап бір-бірден тастай отырып, ең соңғы құмалақты қарсыласының тоғыз құмалағы бар отауларының бірінен бір құмалақ алып, сонымен жұптап, өз қазанына салады. Демек, ойын ережесі бойынша қарсыласынан құмалақ ала отырып, өз құмалағын жұп санға келтіреді. Ойыншылар ойын барысында қарсыласына құмалақ алдырмау

үшін өз отауларындағы құмалақтардың санын жұп күйінде ұстап отыруға тырысады. Құмалақтарының саны жұп болып тұрған отауды «жабық отау» деп атайды.

- Сондай-ақ қарсылас ойыншылар бір-бірінің отауларындағы құмалақтар санын тақ жасауға ұмтылады. Құмалақтарының тақ болып тұрған отау «ашық отау» деп аталады да, қарсылас бұл отаудан құмалақ ала алатын болады.

- Ойын барысында ойыншылардың қай-қайсысы болмасын қарсыласының отауындағы құмалақтарын қолмен санауына рұқсат етілмейді. Тек отауларының ашық немесе жабық екенін және қайсысында қанша құмалақ бар екенін ғана сұрай алады. Сондықтан ойыншылардың қай-қайсысы болмасын, барлық отаудағы құмалақ санын есте ұстауға тырысады.

- Ал ойыншының қай-қайсысы болмасын, қарсыласының қойған сұрағына дұрыс жауап беруге тиіс. Ойын барысында отауда бір құмалақ қалса және ол ойыншының жүруіне керек болса, онда ол жалғыз құмалақты қатарындағы өз отауына салады.

Бұл оның жүріс жүргені болып есептеледі.

Ойынның барысында әркімнің бір реттен тұздық (дойбыда биге шыққан сияқты) алуына болады. Ол үшін қарсыластың екі құмалағы бар отауына соңғы құмалағыңызды түсіріп, үшеу етсеңіз болғаны. Жалпы тұздық №9 отаудан алынбайды. Бір ойыншы алдын ала тұздық алып қойса, екінші ойыншы қарсыластың тұздығы бар аттас (нөмірлес) отауынан тұздық ала алмайды, яғни №9 және нөмірлес отаудан басқа, кез келген отаудан тұздық алуға болады. Тұздық иесі бұдан былай тұздыққа түскен тастарды өз пайдасына алып отырады. Тұздықтың құны ұтып алған 30 құмалаққа тең деп шамаланады.

Бір ойыншының барлық отаулары бос қалып, қарсыластың жүрісіне жауап жүрісі туылса, оны атсырады дейді. Мұндай жағдайда ойын аяқталды деп есептеледі де, жүрісі бар, демек атсырамаған жақ отауларын-

дағы қалаған тастарды өз пайдасына алып, қазанына салады.

Кездесу соңында қазандарға жиналған құмалақты есептеп, ойын нәтижесін шығарады. Ұтып алған құмалақ саны екі ойыншыда 81 болса, ойын тең болады. Жеңіс пен ұтылыстың арасын 81 тастан асатын немесе жетпей қалатын бір-ақ тас шешетін болғандықтан, тоғызқұмалақ шахмат, дойбы ойындарына қарағанда әйтеуір бір ойыншы жеңетін өте нәтижелі ойын. Нәтижелі ойынның жарыс кезінде 97-98 пайыз шамасына жетуі — мұның айқын айғағы.

Пайдалы кеңестер.

Ойынның барысын жақсы білу үшін бас-тамада қателеспей, мына пайдалы кеңестерді орындаған жөн.

1. Алғашқы жүрістерді алдыңғы шептің отауларынан жүріп, ортаңғы әсіресе артқы шеп отауларының күшін сақтауға (тастарының көбеймеуіне) тырысу;

2. Жалғыз тас жатқан отауларға және қатарынан орналасқан бірнеше «бай» (тасы көп) отауларға сақ болу (байланып қалмау);

3. «Орға» (жалғыз тасы бар отаудың алдындағы отау бос болса, осылай аталады) және бірнеше жалғыз тасты отауларға (құтылмас тұздық болмас үшін) сақ болу;

4. Тұздық алу немесе «бай» ұту қауіптерін төндіріп, қорға тасты аз-аздан болса да жинай беру;

5. Тұздық алмасқанда неғұрлым күштісін (№5 отауға жақын) алып, қарсыласқа нашарлауын беру;

6. Нашарлау тұздық ауысқанда бір-екі «байды» артық алу;

7. Тұздық орнына 30-40 тасты артық алу;

8. Тұздық алмасқаннан кейін «байларды» орнымен таратып жіберу;

9. Жалпы жағдайдың тиімділігін пайдалану үшін позицияны ұтымды пайдаланып ойнау;

10. Келешек атсырауды немесе тасты көп алып, тез 82-ге жеткізуді ойлау.

Көп құмалақ жиналған отау бай деп аталады.

Тұздық жоқ кезде көбінесе №8 отауға «бай» (көп тас) жинап, қарсыластан амалсыз (күшпен) тұздық алуға болады. Мысалы 92, 820, 75 позициясында 1,72х №1 немесе №2 отауларынан тұздық алынады. Егер 93, 821, 75 болса, 1,92х жүрісімен амалсыз тұздық береді.

Жалғыз тастың алды бос болғаны қауіпті. Себебі құтылмас тұздыққа түсіп қалуға болады. Тасы жоқ бос отаудың артындағы көрші отауда жалғыз тас жатса, онда мұндай отауды «ор» деп атайды.

Екі жерден тұздыққа түсіп қалмау керек. Мысалы: 6.86, 96; қ.11, 42 жағдайында 1,95 жүрісінен кейін, қоштаушы №1 немесе №4 отауларынан тұздық беруге мәжбүр болады.

Тас (құмалақ) ұтып алу үшін бір отауды байлап, екінші отауға қауіп төндіреді. Мысалы: б. 84, 92 қ. 16, 26 позициясында 1,91 жүрісінен соң, бастаушы тас ұтып алады.

Жүргізуші:

Тіршілікте ұлы дүбір — жарыс бар,
Меже шіркін бірте-бірте алыстар.
Өмір бойы мақсатына жете алмай,
Өтіп жатыр пенделер мен арыстар.
Жас жеткіншек арман толы жүрегі,
Кеткендердің ізіменен жүреді.
Оны біраз жерге шейін апарар,
Өз ақылы, сосын мықты «тірегі».

Жарыс нәтижелерін шығару.

Қорытынды, жарыс жеңімпазын марапаттау.

**Аргын Маратович МЫРЗАБЕКОВ,
№63 жалпы білім беретін мектептің
дене шынықтыру пәні мұғалімі.
Алматы қаласы.**

Жарысқа шық



Лаура
Алтынбековна
АЛЬЖАНОВА,
№80 мектеп-
гимназияның
бастауыш сынып
мұғалімі.
Астана қаласы.

Сабақтың мақсаты: оқушылардың ұлттық салт-дәстүр негізінде, білімін кеңейту, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, имандылыққа тәрбиелеу, ұлттық дүниетанымын қалыптастыру. Татулыққа, ынтымақтыққа, бірлікке шақыру.

Көрнекілігі: тарихи тұлғалардың портреттері, қолөнер шеберлерінің бұйымдары, бес қару, ат әбзелі, қатысушылардың қолынан шыққан туындылары қойылады.

Сабақтың барысы:

- Қайырлы күн құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар! «Жарысқа шық, жасұлан» атты бұлдіршіндер сайысына қош келдіңіздер! Жігіттеріміз өз өнерлерін көрсетіп қана қоймай, біздің салт-дәстүрлерімізді, ұлттық ойындарымызды, шеберліктерін, онымен қоса білімділіктерін көрсетеді. Олай болса, жігіттерімізге сәт-сапар тілей отырып, «Жарысқа шық, жасұлан» атты сайысын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

1-жүргізуші:

Уа, халайық, халайық,
Мұнда назар салайық.
Ата жолын жалғамақ,
Ел дәстүрін қолдамақ
Балалар шықсын ортаға,

Бүгін сұлтан атанбақ.

1-жүргізуші: Құрметті көрермен қауым! Енді сайысқа түсетін жігіттерді қол соғып, қошеметтеп шақырайық. Әр топты өзін танысуға шақырайық.

Жігіттер келіп жетті танысуға,
Бойындағы бар дарынын дамытуға.
Жігерленіп сахнаға келіп жетті,
Әдеппен, ізетпенен табысуға.

I. Әр топ өздерін таныстырады.
Жылдар-жылдар тарихтың мол бекеті,
Сен әкелген жақсылықтар көп тегі.
Көңілінді шат сезімге баурайды,
Халқымыздың бүгіні мен өткені, - демекші әр топ өмірдерегімен таныстырады.

II. Төсбелгілерін таныстыру.

2-жүргізуші: Сайысымыздың келесі шарты «Тіл — өнер» деп аталады. Бұл бөлімде 1) Өнерін көрсету; 2) Мәнерлеп оқу; 3) Хат жазу.

Қыран бүркіт көтерер елдің нарқын,
Қыран жігіт асырар елдің даңқын, - демекші, сегіз қырлы, бір сырлы жігіттеріміздің өнерлерін көрсетуге шақырамыз.

Әр топтан екі адам ортаға шығып өнер көрсетеді.

- Сайысымыздың келесі шарты «Сықырлы сандық»

1) Киелі сандық сыры. Үш ұғымы туралы сұрақтар:

1. Үш жүз: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз;
2. Үш арсыз: Ұйқы, тамақ, күлкі;
3. Үш даусыз: Мінез, кәрілік, ажал.

II. Жігіттің үш жақын жұртын ата:

Ағайын жұрт, нағашы жұрт, қайын жұрт.

III. Үш арысты ата: С. Сейфуллин, Б. Майлин, I. Жансүгіров.

5- сұрақ: Бес асыл мен бес дұшпанды ата.

Бес дұшпан: Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ.

Бес асыл: Талап, еңбек, терең ой, қанағат ету, рақым жасау.

- Жеті жетімге нелер жатады?

Тыңдаусыз қалған сөз жетім,

Қараусыз қалған жер жетім,

Басшысы жоқ ел жетім,

Аққу-қазсыз көл жетім,

Елінен айырылған ел жетім,

Замандасы қалмаса,

Бәрінен де сол жетім.

2) «Мақал-сөздің мәйегі» мақалды қимыл арқылы түсіндіру;

3) «Ескірмейтін есті сөз» тиым сөздерден жарыс

Келесі сайысымыз «Ескірмейтін есті сөз». Ырым-тыйымдар:

1. Отқа су құйма, түкірме;

2. Мал сүйегін отқа жақпа, ақты төкпе;

3. Қазақ түнде мал, адам санамайды;

4. Пышақтың жүзін жалама, пышақтың жүзін кезбе;

5. Үйге қарай, үйді айналып жүгірме;

6. Айға қарай қолыңды шошайтпа;

7. Күлді, тұзды баспа, шашпа;

8. Жағыңды, белінді таянба, тізенді құшақтама;

9. Бас киімді теппе, лақтырма;

10. Итті теппе, итке су шашпа;

11. Есікті керме, табалдырықты баспа;

12. Нанды баспа, шашпа;

13. Түнде өзенге суға түспе, су алуға барма;

14. Мойнына белбеу салма;

15. Жұма күні кір жума;

16. Үш күн айтта кір жууға, тырнақ, шаш алуға болмайды;

17. Сыпырғышты көкке көтеріп баланы ұруға болмайды;

18. Кемтар адамға күлме.

1-жүргізуші: Сайысымыздың келесі шарты «Білімді мыңды жығар» сұрақ-жауап.

Қой асығы деменіз,

Қолға жақса сақа гой.

Жасы кіші деменіз,

Ақылы асса аға ғой, - дегендей білімдерін сынаймыз.

2-жүргізуші. Сайысымыздың келесі шарты «Еңбек үйретеді, өмір ширатады» деп аталады. Бұл бөлімде

1) Матаға ілгек тігу;

2) Талдардан үй жасау;

3) Қамшы жасау.

1-жүргізуші: Эстафеталық ойындар.

Ат өнері білінбес,

Бәйгеге түсіп жарыспай,

Ер өнері білінбес,

Қоян-қолтық алыспай.

«Ердің асылы күшімен білінеді» дегендей, келесі тапсырма.

1. Асық ату. Бұл сайыста асық атумен бірге берілген есептерді шығару;

2. «Ханталапай»;

3. «Допты беру» А және С-дан басталатын адам атын айтады;

4. Көз байлап адам бейнесін салу;

5. «Аралда» ойыны кішкентай жерге сиысып тұру.

1-жүргізуші:

Балалар, түсініндер сөздің нарқын,

Әр кезде бола берсін жүздер жарқын.

Мәңгілік жоғарылап жұлдыздарың,

Бақытқа бөлендерші, қазақ халқын, - дей отырып, сөз кезегін әділ қазылар алқасына береміз.

Жеңімпаз топты марапаттау.

Қош бол, әсем бақшамыз

1-жүргізуші: Қымбатты ата-аналар, қадірменді қонақтар! Біз бүгін бақшамызда тәрбиеленген ересектер тобының «Қош бол, әсем бақшамыз» атты ертеңгілігімен бүлдіршіндерді ұядан ұшырып, мектепке шығарып салғалы отырмыз.

«Вальс» биі биленеді.

2-жүргізуші: Біз бүгін бүлдіршіндерімізге денсаулық, алдағы оқуларына сәттілік тілеп, тілалғыш, зерделі болындар демекпіз. Балалар, мектепке барғанда ұстаздарыңды құрметтеп, ұшқан ұяларың — балабақшаларыңды, тәрбиешілеріңді ұмытпаңдар.

1-жүргізуші: Олай болса, қимастықпен қоштасатын балаларды құрметпен қарсы алайық.

2-жүргізуші: Тарқамасын қызықтың шағы қызған,

Жана берсін бақ артып, бағыңыздан.

Құрметпенен ұсындық сізге сөзді,

Ақтарылып көріңіз ағыңыздан.

Сөз кезегі балабақша менгерушісіне беріледі.

1-жүргізуші: Жақсы бала азамат аталады,

Халқынан, ата-анадан бата алады.

Ұрпағына айтсын деп ақ тілегін,

Ортаға шақырайық ата-ананы.

Сөз кезегі ата-аналарға беріледі.

Әнде тіп Буратино кіреді. Алдынан Мысық пен Түлкі шығады.

Мысық: Иә, Буратино, қайда жол тарттың?

Буратино: Мені Білім Ханшайымы «Қарлығаш» бақшасына жұмсады. Онда бүгін «Аққу» тобында қоштасу мерекесі болып жатыр. Сол мерекеге барып, кілтті табыс етуім керек.

Мысық: Ол мереке қызық па?

Буратино: Иә, өте қызық болады.

Мысық: Онда бұл кілтті біз алып барамыз. Ал сен осында күт. (Буратиноны құлыптап қояды)

Түлкі: Балалар, менің бірнеше шартым бар. Сендердің қандай өнерлерің бар? Соны көрсетіңдер. Сосын Буратиноны босатамыз.

2-жүргізуші: Олай болса, біздің балалардың бүгінгі мерекеге арнаған ертеңгілігін тамашалаңыздар.

«Біздің балабақшамыз» әні орындалады.

1-бала: Қуанамыз сыйлаймыз,

Қуаныштың мың гүлін.

Бақшамызбен қимай біз,

Қоштасатын күн бүгін.

2-жүргізуші: Ән салып, би билеп, жыр жырлап,

Күн сайын алға бас қаршындап.

Келеді бүгінгі балдырған,

Бақытты балалар жайлы ән шырқап.

«Біз бақытты баламыз» әні орындалады.

2-бала: Бақшадағы күндерді,

Есімізде сақтаймыз.

Тәрбиеші сіңірген,

Еңбегіңізді ақтаймыз.

2-жүргізуші: Кел билейік, кел билейік,

Неге тұрсың билемей?

Біздің бақша балалары,

Би билейді іркілмей.

Ұлдар тобының орындауында «Шабандоз» биі.

«Балабақшада» әні орындалады.

2-жүргізуші: Балалар, менің сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Қарсы емессіңдер ме? Ендеше, «Мектепке тез жиналайық» деген ойын ойнайық.

1-жүргізуші: Сүйсіндірген биімен,
Біздің топтың қыздары-ай.

Тал шыбықтай бұралып,
Өзбекше би билейді-ай!

Қыздардың орындауында «Өзбек» биі.

Мысық: Мен балалардың білімін тексеріп көрейін.

1) Кім санамақ біледі?

2) Қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер?

3) Апта күндерін атаңдар...

4) 5-ке дейін тура және кері санандар...

Түлкі: Осының бәрін сендер қайдан үйрендіңдер?

Балалар: Балабақшадан үйрендік.

Түлкі: Олай болса ол кісілерге де арналған тілектерің бар шығар?

3-бала: Ұшырса да бұл өмірде сан құсын,

Ұстаз ғалым толастатпас мәңгі ісін.

Тыншымайтын асыл жандар аяулы,

Тыңдаңыздар бүлдіршіндер арнауын.

4-бала: Орын берген бақшадан,

Меңгерушіміз жақсы адам.

Сондықтан да біз үшін,

Артықсыз ғой басқадан,

5-бала: Бәрін де үлкен тең көрем,

Үлгісін айтқан меңгерем.

Салтанат апай баланы,

Мейірімін төгіп емдеген.

6-бала: Жазу жазып үйреткен,

Сурет салып көрсеткен.

Санамақты жаттатып,

Санауды бізге үйреткен,

Айнұр апайға мың алғыс!

7-бала: Жақсы болсақ қуанған,

Қатемізді кешірген.

Малика апай сізге арнап,

Айтамыз біз мың алғыс!

Түлкі: Балалар, сендердің барлық өнерлеріңді көрдік. Білімді, жақсы балалар екенсіңдер. Олай болса мен Буратиноны босатып, сендердің балабақшаларыңның кілтін табыс етейін. (Буратиноны босатады)

1-жүргізуші: Жас бүлдіршін ел үмітін ақтаған,

Гүлге орансын әр қадамың аттаған.

Бақша кілтін ізбасарға тапсырып,

Жаңа өмірге аттағайсың бақ қадам.

Ересектер тобының түлектері орта жас тобының бүлдіршіндеріне кілтті табыс етеді.

2-жүргізуші: Балабақша салтымен қонырауды ең үздік тәрбиеленушілер соғады.

Буратино: Балалар, мен сендерге ризамын. Менің тағы баратын жерім бар. Мені үйде әкем Карл күтіп отырған болар.

2-жүргізуші: Буратино, біз де саған ризамыз. Біздің балаларымыздың саған арнаған биі бар, соны тамашалайық.

«Буратино» биі биленеді.

1-жүргізуші: Жүздерінен көрем шаттық арайын,

Болсын солай әрбір күнің, әр айың.

Тойларыңыз құтты болсын, ата-ана,

Тойларыңыз тойға ұlassын, ағайын!

2-жүргізуші: Қанатын қағар ақ жолдан,

Болдыңдар, сендер, жаңа ұрпақ.

Жарқырандар жұлдыздай,

Қарасын жұрт таңырқап.

Аяқтап бүгін бақшаны,

Болашағың жарқын боп.

Сендерге соны тіледім.

Сәт-сапар болсын жолдарың!

Осымен «Қош бол, әсем бақшамыз» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Көңіл бөліп келгендеріңізге көп рахмет! Сау болыңыздар!

Палымхан МҰСАБЕКОВА,

Малика НОМАНОВА,

«Қарлығаш» балабақшасы, «Аққу» тобының тәрбиешілері.

Нартай ауылы,

Шиелі ауданы,

Қызылорда облысы.

Әдемі әдебиет әлемі

Қазақ халқы рухани зор байлықтың мұрагері. Ғасырдан ғасырға мұра болып келе жатқан төл тарихымыз, мәңгілік мұрамыз бен мұратымыз — қолда бар алтын жәдігерлеріміз. Мектеп қабырғасында соларды насихаттап жатқан іс-шараларда имандылықтың, адамгершіліктің, парасаттылықтың негізі жатыр. «Үш құндылық һәм үш қуаттылық» Құлақтың құрышын қандыратын осы тақырыптың аясында жуырда ғана Д. Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясында түрлі шаралар өтті. Осы онкүндіктің аясында мектеп кітапханасының оқу медиа залында кітап патшалығына саяхаттау арқылы оқырмандарды әсемдікке бағыттап, халқымыздың ұлттық

мәдени құндылықтарын дәріптеп, күнделікті танымдық қоржындарын қомақтандыру мақсатында 4-сынып оқушыларының қатысуымен «Әдемі әдебиет әлемі» атты телекөпір ұйымдастырылды. Алдын ала әзірленген сюжеттен жаңалықтардың «Кеше және бүгін» атты айдарынан шара барысында өтетін кезеңдері көрсетіліп, тележүргізушілікке қызығушылық танытатын оқушылар телекөпірдің тізгінін ұстады.

Шара барысында оқырмандар «Оқуға құштар мектеп — оқуға құштар ұлт», «Оқуға тиіс 100 кітап» жобалары, «Бір ел — бір кітап» акциясы аясында өз сүйікті ақын-жазушыларының шығармаларын жатқа оқып, әдемі ертегі әлеміне саяхат






жасап, «Сұхбат алаңы» айдарында өзге ұлт өкілдері таза қазақ тілінде сұхбат беріп, қазақтың салт-дәстүрлерін жатқа айтып, ұлттық құндылықтың маңызын түсіндіріп көрермендерді таң қалдырды.

«Баланы жастан» демекші, жас оқырмандардың санасына халқымыздың тәрбие негізі, асыл қазынасы — салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан ұлтжанды қазақ азаматы мен азаматшалары шығатынына кәміл сенуге болады. Үш құндылығымыз һәм үш қуаттылығымыз аласармай, өз ана тілімізге, ұлттық құндылықтарымызға деген құрметіміз өшпесін! Біздің қоғам үшін ұлттық құндылықтардың ұрпақ санасында қалып, олардың дәріптелуі өте маңызды.

Гүлдана Мұратқызы ҚУАНЫШ,
«Д. Қонаев атындағы ЖББОМГ»
КММ кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.



Ұлттық өнер — ұрпаққа мұра

Қолөнер — халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатқан, сан алуан түрлі қолөнер бұйымдар әсемдігімен, өрнегі тұрмысқа мән берумен адамдарға рухани ләззат әкелетін — өнер. Қолөнерге көз салып байыптап қараған адамға, бұйымдардағы түрлі-түсті ою-өрнек, оның орналасуы адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан, сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, көңіл-күйін, жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады. Осы орайда Ақтөбе қаласы Сазды тұрғын үй алабындағы №10 модельді кітапхананың ұйымдастыруымен Ұлыстың ұлы күні қарсаңында

«Ұлттық өнер — ұрпаққа мұра» атты кестелі өнер үйірмесінің жетекшісі Сарқытбаева Ағыла апамызбен, кітапхананың жанынан құрылған «Қылқалам» үйірмесінің мүшелерімен кездесу кеші өткізілді.

Шараның мақсаты: Оқушыларды шығармашылыққа тарта отырып он саусағынан өнері тамған баланы тәрбиелеу, шәкіттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету, іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру.

Шебердің қолынан шыққан бұйымдар күнделікті тіршілікпен қатар қолөнер мәдениетінің баға жетпес үлгісі. «Шебердің қолы ортақ» деген мақал ел ішінде бекер айтылмаса керек. Нағыз шеберлікке жету





үшін табандылық, іскерлік, талғампаздық, білім қажет. Өз ұрпағының «сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен апамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін өз балаларымен қатар, ауыл балаларына үйретіп келеді.

Шебер апамыз тігумен қатар жіптен түрлі бұйымдар тоқиды. Кез келген заттан қолданысқа қажетті дүние жасап шығаруға құмар жан. Күнделікті қолданысқа қажетті ою-өрнек салынған құрақ көрпе мен көпшіктер жасайды. Соңғы кездері жастардан үйренген өнерді де меңгеріп алған апамыз, қағаздардан түрлі мүсін жасайды. Ағила апа өнерінің жалғасын

көру үшін келіндері мен немерелеріне білген-түйген нәрсесін үйретіп келеді. Өзі Сазды мәдениет үйінің жанынан құрылған «Ақмаржан» әжелер ансамблінің мүшесі. Сахналық киімдерін де өзі тігіп алады. Алдағы уақытта да апамызға, жас қолөнер шеберлерін дайындап шығаруға тілектестік білдіре отырып, деніне саулық, отбасына амандық тілейміз.

Айнұр Әбдіқызы ТАҒАН,
Сазды тұрғын үй алабындағы №10
модельді кітапхананың кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.

Кітап – рухани құндылық

Ақтөбе қаласындағы №1 Абай атындағы қалалық кітапхана 23 сәуір – «Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық қорғау» күніне орай, жалпы білім беретін «Bilim» мектеп гимназиясымен бірлесіп **«Ғажайып кітап әлемі»** тақырыбында библио-микс өткізілді.

1972 жыл – ЮНЕСКО-ның шешімімен «Халықаралық кітап жылы» деп аталса, 1995 жылы 23 сәуір – «Халықаралық кітап күні» деп жарияланды. Міне, содан бері бұл күн Ресейде, Германияда, АҚШ-та, т.б. шетелдерде өте жоғары деңгейде аталып өтілуде.

Кітап – ақылдың кені. Кітап – бар білімнің бастауы. Кітап – барлық заманда да білім қазынасының ғажайып қоймасы. Кітап адам өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Кітап елді сүйеге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға шақырады. Иә, кітап – қоғамның рухани күштерін дамытудың қуатты құралы, мәдениеттің қайнар бұлағы, оның өзекті саласының бірі. Кітап арқылы біз өткенге көз жібереміз, одан қымбат мұра жинаймыз, тәжірибеге кенелеміз.

Жалпы білім беретін «Bilim» мектеп гимназиясының 7-8 сынып оқушыларының қатысуымен **«Ғажайып кітап әлемі»** тақырыбында библио-микс өткізілді. Шараның мақсаты – кітап атты тұнық әлемді жастар бойына

сіндіру – балаларды әдебиетке жақын болуға, кітап оқуға үндеу, адам өмірінде кітаптың алар орны ерекше екенін түсіндіру. Шараны кітап ханшайымы 7-сынып оқушысы Алтынай Өтепбергенова жүргізіп, кітаптың шығу тарихына тоқталып өтті. Енді осы кітапты қалай ұқыпты ұстап, қалай оқу керек екенін оқушылар «Кітаптар мұны» көрінісі арқылы көрсете білді. Балалар ақын-жазушылардың өлеңдерін оқып, кітап туралы мақал-мәтелдер айтып, жұмбақтар шешуде белсене қатысты. Сәбира Жаксығалиева мен Дана Ерланқызы «Ертегілер елінде» әнін орындады. Қалалық кітапханашы Гүлнар Жакен «Сүйікті ертегілерім» атты көрмедегі көптеген кітаптармен таныстырып, кітаптың қасиетін, ең бастысы кітапты сүю керек екенін жеткізе білді.

Кітап – атадан қалған асыл мұра, көненің көзі, ескінің сөзі. Ол – мәңгілікке сапар шеккен ақыл ескерткіші. Заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтың сөзімен айтқанда, «Кітап – әр адамның өмірлік досы». Ендеше, кітап – білімді қару еткен жаңа әлемдегі жаңа еліміздің озық та өнерлі өкілі болайық!

Гүлнар ЖАКЕН,
№1 Абай атындағы қалалық
кітапхананың кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.

Ынтымақ пен бірлік күні

1 мамыр — Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесіне арналған Ақтөбе қалалық №1 Абай атындағы қалалық кітапханада «Бірлік — ең басты байлық» атты библиомикс шарасы өтті.

Бұл күн — әрбір Қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, адамзаттық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекесі. Бұл күні ел азаматтары ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихын дәріптеп, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған Қазақстандық татулық пен келісімді паш етеді. Еліміздің басты қорғаушы күші — қоғамдық келісім мен этносаралық үйлесімді сақтау — Қазақ елінің алдында тұрған басты міндет.

Қазақстан халқының бірлігі күні 1995 жылғы 18 қазанда президент жарлығымен бекітілді. Осылайша мейрам 1996 жылдан бастап тойланып келеді.

Қазақтың байтақ даласы — бүгінде 130-ға жуық ұлт өкілдеріне ортақ Отан. Сол себепті де 1 мамыр — халқымыздың бірлігі күні болып есептеледі.

Әрі бұл күн, Қазақстан халқы үшін ең ірі мерекелердің бірі. Еліміздің барлық өңірлерінде дерлік 1 мамыр тойланады. Мақсаты, ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау. «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген атам қазақ. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. «Береке бастауы бірлік, ел іші тату-тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерекше. Бүгінде әрбір ұлтқа жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқор-

лық көрсетілуде. Осының бәрі қоғамдағы азаматтық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясын дұрыс тандап, ұлтаралық қатынастарды реттеудің тиімді тетіктерін жасай білуінің арқасында мүмкін болуда.

Осы мерекеге орай кітапханада «Бірлік — ең басты байлық» тақырыбында шара өткізіліп, өз құттықтау лебіздерін білдіру үшін кәріс өкілі Валерий Григоревич Когай мен украин өкілі Татьяна Николаевна Выжленкова қатысты. Өз ұлттарының салт-дәстүрлері туралы балаларға қызықты етіп әңгімелеп берді. Қатысушылар «Смарт Білім» мектеп гимназиясының 5-сынып оқушылары мерекелік өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Балалармен сәйкестендіру ойыны ойнатылды. Онда сурет арқылы әр ұлттың киім үлгісі сәйкестігін тауып жабыстырды және жүрекше арқылы бір-біріне жылы лебіздерін білдірді. Ынтымақ, бірлік, достық жөнінде мақал-мәтелдердің басы айтылып, балалар жалғасын тапты.

Шара соңында кітапханашы Гүлнар Жакен «1 мамыр — Бірлік күні» атты кітап көрмесіне шолу жасап, кітаптармен таныстырды.

Ұлыстарымыз тамыр болған ежелден,
Кімдер қашсын қазақтайын ер елден.
Достығымыз ғасырларға жарасқан,
Туған елім, шарықтай бер, кемелден! —
деген өлең жолдарымен Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған шарамызды аяқтадық.

Алия Амантайқызы БАЙМУХАНОВА,
№1 Абай атындағы қалалық
кітапхана меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.